| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)** | «Не артық?» ойыны. Шарты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін табу. | «Тәрбиеші апайлар» тақпағын мәнерлеп оқу. | «Теңін тап» ойыны. Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба білуге үйрету. | «Дүкенші» ойыны. Мақсаты: балалар мағынасын түсініп, топтасып ойнай алады. | «Тәрбиеші апайлар» тақпағын мәнерлеп оқу. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту** **Міндеті:** Табиғат құбылыстарын сипаттаудазаттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, **Мақсаты** : «Сөз», «Сөйлем» деген не екенін | **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау **Мақсаты:** үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауын одан әрі жетілдіру | **Математика негіздері** **Міндеті**: Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктердіқалыптастыру, олардың ретін білу және атау **Мақсаты** айлардың атауларынжыл мезгілдеріне | **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау **Мақсаты:** үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауын | **Сауат ашу негіздері** **Міндеті:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау **Мақсаты:** үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауын одан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіндіру. –Педагог балалардан қыс мезгілінде неше ай бар екенін сұрайды? Қыс мезгілі ұнай ма, несімен ұнайды? – деп сұрақ қойады.<br>Демонстрациялық материал.<br>–Ендеше, мына үлгі суретке қарап, әңгіме құрайық. Суретте қарап, көргендеріңді өз қиялдарыңмен толықтырып, әңгіме құрап көріңдер.<br>–Суретке мұқият қарап, тақырып қойыңдар. Сендер суретте шанамен сырғанап жүрген балаларды, коньки теуіп жүрген баланы көріп отырсыңдар, балаларға ат қоя отырып, әңгіме құраңдар.<br>«Бұл суреттің тақырыбын сендер қалай деп атайтын едіңдер?» деген ұсыныс айтады педагог.<br>Педагог балалардың ойларын қорыта келе: «Бұл суреттің тақырыбын "Ажарлы қыс " деп атасақ қайтеді, келісесіңдер ме?» –деп сұрады.<br>–Балалар "ажарлы " – сөзі «көрікті, әсем, тамаша, сұлу» деген мағынаны береді. Педагог қол көтеріп, әңгіме құрауға қызығушылық танытқан балалардың бәрінің ойын | **Күтілетін нәтиже: Жасайды**: дыбыстық талдаужасайды.<br>**Түсінеді:** сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады<br>**Дыбыстармен жұмыс. «Дұрыс көрсет» дидактикалық жаттығуы**<br>Балалар мен сендерге сөздер айтамын алсендер сөз үш дыбыстан тұрса, үш цифрын, егер сөз екі дыбыстан тұрса, екі цифрын көтересіңдер.<br>Мысалы: тай, май, су, бор, қол, бу, жақ, тақ, ақ, қар, лақ, ту, көл, ал, бал, жал, ол, ит, құс, он, сан, ар, бір, тұр, іл, ыр, ор, көр, із, көз, төз, мұз, шөп, көк, ұлу, сүт, үкі, би, қи, ұр, қал, бау, ау, уақ, ай т.б. | қарай<br>таныстыру<br>. **Күтілетін нәтижелер: меңгереді**: жыл айларының реттілігімен таныстыру.<br>**түсінеді:** жыл мезгілдерінің маусымдық айырмашылықтарын;<br>**қолданады:** жыл мезгілдерінің, айлардың олардың реттілігіменайту дағдысы<br><br>Педагог қуыршақты жыл мезгіліне сай киіндіруді ұсынады. Тақтадағы баланың суреті бойынша маусымға қарай киім таңдауға көмек көрсету. Қуыршақтың есімін қойып, жыл мезгіліне сай киіндіруге көмектеседі. –Далада күн суық болғанда қалай киіну керек? Ал күн ыстық болғанда ше? Педагог 18-кесте бойынша жыл мезгілінің суретін көрсетеді, балалар қуыршаққа киім таңдайды | оданәрі жетілдіру<br>**Күтілетін нәтиже: Жасайды**: дыбыстық талдау жасайды.<br>**Түсінеді:** сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады<br>Суретке қара. Үш дыбыстан тұратын сөздерді ата. (Мая, тай, лақ, құс, шөп, әже, тал, нар,<br>ала.) 2. Дыбыстық талдау жаса.<br>Педагог балаларға жұмыс дәптерлеріне дыбыстық талдаужасайтындарын айтады. Әже, нар, тай суреттері астына дыбыстық талдау жасайды. –Балалар, біз бүгін дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбыстысөздерге дыбыстық талдауды жасауды жалғастырайық.<br>Педагог балаларды кезекпен тақтаға шығарып, дыбыстық талдау жасатады. Қалған балалар орындарында дыбыстық талдау жасайды.<br>Қателескен жерлерін тақтадағысызбамен түзейді. «Әже»<br>сөзінің дыбыстық сызбасын педагог тақтаға іледі. –«Әже»сөзінде 2 буын, 3 дыбыс бар.<br>Бірінші дыбыс – ә жіңішке дауысты, қызыл түсті дөңгелекпен белгілейік. | әрі жетілдіру<br>**Күтілетін нәтиже: Жасайды**: дыбыстық талдаужасайды.<br>**Түсінеді:** сөздер әртүрлі дыбыстардан тұратынын.<br>**Қолданады:** дыбыстарды ажыратады<br>Суретке қара. Үш дыбыстан тұратын сөздерді ата. (Мая, тай, лақ, құс, шөп, әже, тал, нар, ала.) 2. Дыбыстық талдау жаса.<br>Педагог балаларға жұмыс дәптерлеріне дыбыстық талдау жасайтындарын айтады. Әже, нар, тай суреттері астына дыбыстық талдау жасайды. –Балалар, біз бүгін дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдауды жасауды жалғастырайық.<br>Педагог балаларды кезекпен тақтаға шығарып, дыбыстық талдау жасатады. Қалған балалар орындарында дыбыстық талдау жасайды.<br>Қателескен жерлерін тақтадағы сызбамен түзейді. «Әже» сөзінің дыбыстық сызбасын педагог тақтаға іледі. – «Әже» сөзінде 2 буын, 3 дыбыс бар.<br>Бірінші дыбыс – ә жіңішке дауысты, қызыл түсті дөңгелекпен белгілейік.<br>Екіншісі – ж ұяң, дауыссыз, көк түсті дөңгелекпен белгіленеді.<br>Үшіншісі – е жіңішке дауысты, қызыл түсті дөңгелекпен белгіленеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тыңдайды. Жақсы әңгіме құрағанбаланы мақтайды. | | | Екіншісі – ж ұян, дауыссыз, көктүсті дөңгелекпен белгіленеді. Үшіншісі – е жіңішке дауысты, қызыл түсті дөңгелекпен белгіленеді. | |
| **2 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардыңретін білу және атау<br>**Мақсаты** айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарайтаныстыру.<br>. **Күтілетін нәтижелер:**<br>**меңгереді**: жыл айларының реттілігімен таныстыру.<br>**түсінеді:** жыл мезгілдерінің маусымдық айырмашылықтарын;<br>**қолданады:** жыл мезгілдерінің, айлардың олардың реттілігімен айту дағдысы<br>Суреттерді қарайды. Жыл мезгілдерін атайды. Жыл мезгіліне сәйкес ағаштарды таңдайды.Оларды жапсырады. | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>Заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**2.Негізгі кезең.**<br>**Ойын:** «Зейінді бол!**».**<br>**Мақсаты:**Заттың бірнеше тең бөлікке бөлу.<br>**Дид.ойын:**«Жыл мезгілдерін өз орнына орналастыр».<br>**Сергіту сәті.**<br>6 рет секір, 7 рет қол соқ, әрбір аяқпен 8 рет еденді топылдат, көршіңмен 7 рет қолдарыңды соғыңдар.<br>.**Ойын:«Көп және біреу».**<br>**Ойынның мақсаты:** көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:** ойыншықтар.<br>**Ойынның мазмұны:** көп зат және бір заттарды бөліп, екі жаққа қояды. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:**<br><br>Әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету. (Су торғай).<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>Дид.ойын: "Ойлан тап.".<br>Ұшқаны қызық жалпылдап<br>Өзі сондай қарқылдақ<br>(Қарға)<br>Шарлап жүріп даланы<br>Үйіңе үйін салады.<br>(Қарлығаш)<br>Жатыр суды жастанып<br>Ай астында ақ мамық (Аққу)<br>Мысық құлақты,<br>Бүркіт тұяқты. (Үкі)<br>Ақ сарайын талқандап,<br>Шықты біреу талтаңдап.<br>(Балапан)<br>Тоқылдатып мазаны ап,<br>Ағаштарды тазалап<br>Орманды емдейді<br>Зиянкесті жазалап.<br>(Тоқылдақ) | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті:**<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. сөздермен толықтыру.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дид.ойын:** «Не жоқ?**»**<br>**Шарты:**Сурет бойынша жұмыс<br>**Дид.ойын:** «Суреттер сөйлейді»<br>**Шарты:**Сурет бойынша жұмыс.<br>**Сергіту сәті**<br>**Тақпақ жаттату.**<br>**Дид.ойын:**"Сөйлем түрлері"**.**<br>**Шарты:** Сөйлем түрлерін ажырату. | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:**<br>«Президенттік шырша» өлеңінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Жанрларды ерекшеліктері бойынша таниды<br>ҰІӘ **барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>– Қазір жылдың қай мезгілі?<br>– Жақында қандай мереке болады?<br>– Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды?<br>- Жаңа жыл мерекесі қай мезгілде тойланады?<br>- Бүгін Президенттік шырша» атты өлеңімен танысамыз.<br>- Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Жаңа жыл да келеді,<br>Бізге қарай жылыстап.<br>Өлең де әзір, ән де әзір,<br>Ойын да әзір, бәрі әзір.<br>Кел, Жаңа жыл, біздерге, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | «Салыстыр» ойыны.Баланың қолына жуандығы бірдей, ұзындығы әр түрлі екі таяқша немесе жауандығы әр түрлі, ұзындығы бірдей екі қарындаш ұстатады. Қай таяқша ұзын немесе қысқа , атауды ұсынады.<br>**Дәптермен жұмыс.** | **Су торғай әңгімесімен таныстыру. Дидактикалық ойын:** «Ол қандай?»<br>*Шарты:* Педагог бір балаға допты лақтырады да,сұрақ қояды. Допты алған бала сұраққа жауап беріп,допты қайта лақтырады.<br>Дәптермен жұмыс. | | Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл!<br>**Сергіту сәті.**<br>***Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?»***<br>*Ойын шарты*: екі үлкен шырша қойылады. Балалар екі топқа бөлінеді. Шыршаны ойыншықтармен безендіру. Қай топ тез безендірсе, сол топ жеңімпаз атанады.<br>**Дид.ойын: «Дұрыс орында.»**<br>Суретті аяқтап, сал. Боя. |
| **3 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:**<br>Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау.<br>**ҮІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Ойын:** «Сен маған, мен саған**».**<br>**Шарты:**балалар бір-біріне сұрақтар қояды.<br>**Д.ойын:** "Суреттер сөйлейді".<br>**Шарты:**сурет бойынша жұмыс.<br>**Дәптермен жұмыс.** | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті**:<br>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. сөздермен толықтыру.<br>**ҮІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дид.ойын:** «Не жоқ?**»**<br>**Шарты:**Сурет бойынша жұмыс<br>**Дид.ойын:** «Суреттер сөйлейді»<br>**Шарты:**Сурет бойынша жұмыс.<br>**Сергіту сәті**<br>**Тақпақ жаттату.**<br>**Дид.ойын:**"Сөйлем түрлері**".**<br>**Шарты:** Сөйлем түрлерін ажырату. | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:**<br>«Президенттік шырша» өлеңінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Жанрларды ерекшеліктері бойынша таниды<br>ҮІӘ **барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>– Қазір жылдың қай мезгілі?<br>– Жақында қандай мереке болады?<br>– Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды?<br>- Жаңа жыл мерекесі қай мезгілде тойланады?<br>- Бүгін Президенттік шырша» атты өлеңімен танысамыз.<br>- Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:**<br>Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Психдайындық.**<br>**Жаңа тақырыпты түсіндіру.**<br>**Д.ойын: "Ой сергіту".**<br>**Шарты:**жұмбақтың шешуін табу. 1.Тәп-тәтті тамағы,астардың маманы 2.Кірпіштен сарай,үй салады,ол адам кім болады?<br>3.. Астында жүйрігі,қолында құрығы<br>4. Қалықтайды, бірақ ұшпайды<br>5. Қолында қайшы тарағы, тәртіпке шашты салады<br>6.Аспанға ол самғайды, Ғарыштарды шарлайды. | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуеніменәсем және ырғақты орындау<br>**Мақсаты** Баланың кинестикалық(көру мен тыңдау арқылы қабылдауы) қабілеттерін дамытуІ.«Қарда жүргіш мәшие»: бір тізбекпен жүреді.<br>«Орман тұрғындары» жаттығулары: тізбекпен қоян,<br>қасқыр, түлкінің жүрістерін салыпжүреді.<br>ІІ.ЖДЖ ойын түрінде («орманалаңқайында жылынамыз»)<br>«Артымнан қайтала». Педагогжаттығуларды көрсетеді.<br>Балалар жаттығуларды педагогтіңкөрсеткеніндей |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Жаңа жыл да келеді,<br>Бізге қарай жылыстап.<br>Өлең де әзір, ән де әзір,<br>Ойын да әзір, бәрі әзір.<br>Кел, Жаңа жыл, біздерге,<br>Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл!<br>**Сергіту сәті.**<br>***Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?»***<br>*Ойын шарты*: екі үлкен шырша қойылады. Балалар екі топқа бөлінеді.<br>Шыршаны ойыншықтармен безендіру. Қай топ тез безендірсе, сол топ жеңімпаз атанады.<br>**Дид.ойын: «Дұрыс орында.»**<br>Суретті аяқтап, сал. Боя. | **Дид.ойын:** «Суреттер сөйлейді»<br>**Шарты:**Сурет бойынша жаңа тақырыпты түсіндіру.<br>**Дид/ойын «Сөйлеп тұрған кім?»** Балалар біз қазір мына сөздерді естіп қандай мамандық иесі сөйлеп тұрғанын анықтайықшы:<br>1)Балмұздақ сатамын!Балмұздақ!<br>2)Жүріңіз қай жаққа апарып тастайын?<br>3) Қай жеріңіз ауырып тұр?Қазір ыстығыңызды өлшейін.<br>4)Шашыңызды қандай үлгіде қиып берейін?<br>5)Бүгінгі сабақта біз балалар күзгі табиғат туралы әңгімелесеміз.<br>6)Мен манты жасап жатырмын,қазір дайын болып қалады. | орындауға<br>тырысады. Тыныс алу гимнастикасы: «Жел».<br>Қолды төмен түсіріп, аяқты алшаққойып, мұрынмен дем алу.<br>Басты солға бұрып, ерінді жиырыпалдыға шығарып үрлеу.<br>Басты түзу ұстап, дем алу, бастыоңға бұрып, демді шығару.<br>Басты түзу ұстап, мұрын арқылыдем алу, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу.<br>Басты төмен түсіріп, иекті кеудегетигізу, дем шығару (қол<br>білезіктерін айналдыру). |
| **4 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуеніменәсем және ырғақты орындау<br>**Мақсаты** Баланың кинестикалық(көру мен тыңдау арқылы қабылдауы) қабілеттерін дамытуІ.«Қарда жүргіш мәшие»: бір тізбекпен жүреді.<br>«Орман тұрғындары» | **Музыка**<br>**Міндеті:**<br>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу<br>**Мақсаты:** Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдардыөзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру.Музыка тыңдау:<br>«Қыс» (А. Вивальди, үнтаспадан)<br>Ән айту: | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**<br>Қимылдардыңырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру<br>**Мақсаты** 2.5 м арақашықтықта бір-біріне доп лақтырып, доптың ұшуын бақылауға, ұшып келе жатқан допты қолды бүккен күйде қағып алуға үйрету.<br>Бөрене үстінде төрттағандап еңбектеуге | **Музыка**<br>**Міндеті:**<br>Музыкаға сәйкесорындалатын би қимылдарын білу<br>**Мақсаты:** Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдардыөзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру.Музыка тыңдау:<br>«Қыс» (А. Вивальди, үнтаспадан)<br>Ән айту:<br>«Ақша қар» (К. Қуатбаев) | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>**Міндеті:**<br>- Балалардыңқайың ағашы туралы білімдерін арттыру<br>- - Бақылаған заттың бейнесін бере білу, заттыәртүрлі қалыптарда мүсіндеу<br>-- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің беру<br>-- Қағаздан құрастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығулары: тізбекпен қоян, қасқыр, түлкінің жүрістерін салыпжүреді.<br>ІІ.ЖДЖ ойын түрінде («орман алаңқайында жылынамыз»)<br>«Артымнан қайтала». Педагог жаттығуларды көрсетеді. Балалар жаттығуларды педагогтіңкөрсеткеніндей орындауға<br>тырысады. Тыныс алу гимнастикасы: «Жел».<br>Қолды төмен түсіріп, аяқты алшаққойып, мұрынмен дем алу.<br>Басты солға бұрып, ерінді жиырыпалдыға шығарып үрлеу.<br>Басты түзу ұстап, дем алу, бастыоңға бұрып, демді шығару.<br>Басты түзу ұстап, мұрын арқылыдем алу, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу.<br>Басты төмен түсіріп, иекті кеудегетигізу, дем шығару (қол<br>білезіктерін айналдыру). | «Ақша қар» (К. Куатбаев)<br>«Ақша қар» (Е. Өміров)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)Билер:<br>«Ұлпақарлар биі» («Вальс» П.Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан)Ойындар, хороводтар:<br>«Жылдам құрастыр»<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Полька» (А. Филиппенко) | үйретуді жалғастыру, қолмен аяқты үйлестіріп қозғай білу шеберліктерін(машықтарын) дамыту.<br>«Сілеусін» – бөренедентүсу Бөренеден асықпай, сақтықпен түседі. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады. (4 рет) | «Ақша қар» (Е. Өміров)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)<br>Билер:<br>«Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Жылдам құрастыр»<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Полька» (А. Филиппенко) | әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгертебілуді бекіту<br>**Мақсаты:-** қысқы ағашты бейнелей білугеүйрету<br>**Топтық жұмыс** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру(**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Картотека №10 | Картотека №12 | Картотека №15 | Картотека №9 | |
| **Серуеннен оралу** | Сыныпқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-** | **«Алдар көсе»ертегісі**<br>**Мақсаты**:балалар Алдар көсе ертегісін біледі. Ой қиялын саусақ қимылы | **«Немен қоректенеді?»**<br>**Мақсаты**:Балалардың алғырлығы мен ойлау шапшаңдығы дамиды. | **Дидактикалық ойын:«Желсоғып тұр»**<br>Мақсаты: Кез – келген жағдайларда қатты немесе | **«Суретте не жетіспейді»?**<br>Мақсаты: Балалар суретте бейнеленген заттарға қай бөліктері жетіспейтіндігін | **Дидактикалық ойын:«Желсоғып тұр»**<br>Мақсаты: Кез – келген жағдайларда қатты немесе |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **тарды қарау және басқалар)** | арқылы көрсетеді. | қарама-қарсы мағыналарды анықтап  айтады. | ақырын дауысты қолдана алады. | көрсетіп атайды.. | ақырын дауысты қолдана алады. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сабыржан отбасы мүшелері туралы сұраққажауап алу.<br>Мақсаты:<br>Сабыржанды әңгіме айтуға жетелеу. | Айғанымға суреттегі заттарды атату: **Мақсаты:** Айғанымға заттардың атын ататып, сөздерді анық айтуға үйрету. | Нариман балалардың аттарын айтқызып ойнау.<br>**Мақсаты**:<br>Есте<br>сақтауын дамыту. | Айбибімен Отбасы мүшелері туралы әңгімелесу.<br>**Мақсаты**: Өз ойын толық жеткізіп айтуға жетелеу. | Нариман балалардың аттарын айтқызып ойнау.<br>**Мақсаты**:<br>Есте<br>сақтауын дамыту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналармен өткен күн туралы, балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу | Ата-аналармен балаларды оқыту мәселелері бойынша әңгімелесу, қазақ тіліндегі сөздерді үйренуге ұсыныстар беру | Балаларға тәуелсіздік тәрбиесі туралы ата-аналармен әңгіме | **Ата-аналарға кеңес** : «Үйде математиканы үйрену». | Балаларға тәуелсіздік тәрбиесі туралы ата-аналармен әңгіме |

*Тексерілді:*

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№74 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ
**Мектепалды «А» сыныбы**
**Балалардың жасы 5 жас**
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 09 -13 қаңтар 2022-2023 оқу жылы

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(коммуникативтік, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгіме лесу, кеңес беру** | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөніндекеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларды сабаққа кешікпей әкелулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың тазалығы жөнінде ескерту | Ата –аналармен әңгіме: Дұрыс тамақтануға баулу |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Аптаның өлеңі О. КовальчукДәрумен бізге пайдалы,**<br>Мен мұны нақты білемін.<br>Таблеткадан ғана емес<br>Басқасын қолданамын.<br>Мен оны тамақтан аламын<br>Дәмді және пайдалы.<br>Олар қайда жасырылады?<br>Өте қызықты.<br>Анам маған түсіндіреді:<br>Олар барлық жерде жасырылады.Жемістен де, көкөністен,<br>Оларды тез алыңыз. | **Психогимнастика «Жақсы көңіл-күй»**<br>Анам дүкенге барды:<br>«Печенье мен кәмпит сатып аламын», - деді ол. «Бірге шай ішіп, бассейнге барамыз».<br>Бала қуаныштан секіре бастады.<br>Осы кезде музыка естіледі.<br>Белсенді қозғалыстар: жүру, секіру.<br>Мимика: күлімсіреу. | **Саусақ гимнастикасы**Біз базарға бардық, Алмұрт пен құрма көп,Лимон, апельсин бар,<br>Қауын, қара өрік, мандарин.<br>Біз қарбыз сатып алдық, Бұл ең дәмді жүк.<br>*(Өлеңнің әр жолында саусақтарды біріктіру, бірақалақан біріктірілмейді.)* | **«Схема бойынша салу» құрылыс материалымен ойындар**<br>**Мақсаты**: балаларды схемағақарап отырып, қарапайым құрылысты тұрғызуға үйрету | **«Не жоғалды?» ойыны**<br>**Мақсаты**: зейінді, есте сақтауды дамыту |
| ***Ертеңгілік жаттығу*** | Таңғы жаттығу кешені № 11-15 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)** | «Ұннан жасалған тағамды ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанғаұқыпты қарауға тәрбиелеу | «Төртінші артық» дидактикалық ойыны Мақсаты: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру | Жаңылтпаш «Сіз бізді іздемеңізана: Біз қымыздықты қырыққабат сорпасына қосамыз» Мақсаты: барлық дыбысты айту арқылыжаңылтпашты | «Табиғат және адам» дидактикалықойыны Мақсаты: адам жасаған және табиғатадамға не беретіні туралы білімді жүйелеу: балық, ет, көкөніс, жеміс, | «Сипаттама арқылы біл» дидактикалық ойыны Мақсаты: сипаттама бойынша тамақ өнімдерінтануға үйрету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | анық айтуға үйрету | жидек, тұқым, жаңғақ | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:**<br>Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану<br>**Мақсаты**<br>Әңгімемен таныстырып, мазмұнынайтуға үйрету<br>–Ағашқа байланысты мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп алайық.<br>Мақал- мәтелдер:<br>Ағаш – тамырымен, адам – достарымен мықты.<br>Адамға үш нәрсе көмек: шөл далада қазылған құдық,салынған көпір және жол бойына егілген ағаш.<br>Қарағайға қарап – тал өсер, Қатарына қарап – бала өсер<br>–Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма?Тақтаға ертегі мазмұнына байланысты сурет ілінеді.<br>Алдымен балаларды екі топқабөліп, бір топқа «шыршаның», екінші топқа «қайыңның» сөзін педагогтіңсоңынан қайталап отыруды ұсынысады. Педагог М.Төрежановтың «Біз де ойнаймыз» әңгімесін оқып береді. | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:**<br>Сөздерді буынға бөле алу дағдыларын бекіту.Тақырыпқа сай дидактикалық ойындар арқылы дыбыс және дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дид.ойын: «Сұрақтарға жауап бер»**<br>**Артикуляциялық жаттығу жасау.**<br>***≪Сағат≫*** – тілді жіңішкертіп оңға, солға жайлап қозғау. Осылай санап отырып, 15–20рет қайталау.<br>***≪Саңырауқұлақ≫*** – ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұру.<br>***≪Алтыбақан≫*** – тілді ауыздан жіңішкертіп шығарып, біресе мұрынға, біресе иекке<br>созу.<br>Осылай 10–15 рет қайталау.<br>– Балалар, бүгін бізге Айсұлу қуыршақ қонаққа келіпті.<br>«Өз атыңды буынға бөл» ойын-жаттығуын ойнатады. Сендерден өзінің атын буынға бөліп беруін сұрап отыр.<br>– Енді Айсұлу сөзі неше буыннан тұрады екен, ойлап көрелік: Ай-сұ-лу. | **Математика негіздері**<br>**Міндеті**:<br>Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10-ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?».Шарты:**жұмбақтың шешуін табу.<br>Аяғы бар, жүрмейді, Аузы бар, күлмейді. Айнымайды бөпемнен, Тек сөйлеуді білмейді. (Қуыршақ)<br>Үрлесең, жеп-жеңіл, Елпілдеп кетеді. Ұшырсаң, көк теңбіл, Бұлтқа да жетеді. (Шар)<br>Құс сияқты, құс емес, Самғап ұшқан биікке. Қанаты бар қақпайды, Жүрсе де сондай биікте. (Ұшақ)<br>Төрт аяқты, екі көзді, Өзі жансыз жүреді. От пен майдан жемі бар, Құрыш болат жүрегі. (Автокөлік)<br>Жүйіткіген дәу үйінде, | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:**<br>Басталған буынға буын қосып, сөз құрауғаүйрету.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>Д/о: «Сөз ойла, көп ойла»<br>Шарты: балаларды 2 топқа бөліп жарыстыру. Көп сөз айтқан топ жеңеді.<br>≪Буынға буын қос≫ дидактикалық жаттығуы<br>***Мақсаты:*** басталған буынға буын қосып, сөз құрап , айта білуге, шапшаңдыққа, зейінділікке баулу.<br>Көрнекілік: ұсақ жалаушалар, ойыншықтар.<br>***Ойын шарты:*** балалармен жеке-жеке немесе 2 топқа бөліп, өткізуге болады. Жылдам<br>ойлап, келесі буынды табу.<br>Педагог сөздің басқы буынын айтады, балалар сөзді тез аяқтайды.<br>*Ау- (ла). Ал- (ма). Са- (ра). Сә- (біз). Қа- (уын).*<br>*Мысалы: үй-рек, бүр-кіт , қар-ға , тыр-на, тор-ғай, та-бақ , ә-теш, же-лім, қа-ғаз, қай-шы, қа-лам, кі-тап.*<br>Ойын соңында, жеңімпаз бала, анықталып, мадақталады.<br>**Дәптермен жұмыс.** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:**<br>Сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру, сөздік қорларын толықтыру.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>Д/о: «Буындардан сөз құра»<br>Мы: тор - ғай, то – қыл – дақ, ақ – қу, ша – ға – ла.<br>**Дәптермен жұмыс .**<br>**Сергіту сәті.**<br>**≪Дауысты,дауыссыз дыбыстар≫ *дидактикалық ойыны***<br>Мысалы: *б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.*<br>Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.<br>- Дауысты дыбыстарға қызыл текше;<br>- дауыссыз дыбыстарға көк текше көтеру арқылы ажыратады. **Графикалық жұмыс.**<br>**Үзік сызықтарды бастыр.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | – Бірінші буынын кім айтады?<br>– Бірінші буыны – Ай.<br>– Екінші буыны – -сұ.<br>– Үшінші буыны – -лу.<br>– Дұрыс, үш буыннан тұрады.<br>– Себебі үш дауысты дыбыс бар.<br>Балалар өз аттарын буынға бөліп айтып береді.<br>Дауысты дыбыс жеке өзі ғана бір буын құрай алады. | Жүйрік деп ел сүйінді. Тас жолда жұртты тасып жүр, Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус)<br>Кеудесі толған күш, Табаны толған тіс. (Трактор)<br>Кепкен жарғақ, Шеңберге керілген, Соқсаң сарнап, Үн шығады төгілген. (Барабан)<br>**Сергіту сәті.**<br>Педагог тақтаға ойыншықтың суреті бар плакат іледі.<br>Ойыншықтарға қарайды, сол және оң жақтағы суреттерді салыстырады.<br>Қайсысы көп, қайсысы аз? Қалай бірдей жасауға болады? Балалар салыстыру және теңестіру әдісін ұсынады.<br>Педагог тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі.<br>– Олар тең болуы үшін не істеу керек?<br>– Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. Артығының бар-жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе жұптарды сызықпен жалғаймыз<br>**Дәптермен жұмыс.** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау..<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі кезең.**<br>**Ойын жағдаяты**. Әлия мен Сырым балаларды «зоологиялық дүкенге» баруға шақырады.<br>Балық сатып алуға келгенімізді елестетіңдер.<br>Топтардың әрқайсысы өз аквариумын жасайды. Сендер жұмыс істеуге дайынсыңдар ма?<br>Балалар жағдаятқа қызығушылық танытады.<br>**Сергіту сәті.**<br>6 рет секір, 7 рет қол соқ, әрбір аяқпен 8 рет еденді топылдат, көршіңмен 7 рет қолдарыңды соғыңдар.<br>**Санамақ** арқылы балалар екі топқа бөлінеді.<br>Педагог әрбір топқа екі түсті балықтарды (немесе дөңгелектер, сопақшалар немесе басқа да кесетін материалдар) таратады.<br>Тапсырманы орындауды ұсынады. | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:**<br>қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, дәптер бетінде белгілі бір суретті табуға үйрету.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>Ойын жағдаяты.<br>Терме полотнода мазмұндық суреттер.<br>Жиектерінде – екі ертегі кейіпкері.<br>Педагог кейіпкерлердің сұхбатын естігені туралы айтады. Кейіпкердің бірі суреттер оң жақта десе, екіншісі сол жақта деп дауласты. Олардың дауын шеше аламыз ба?<br>Балалар ойын жағдаятына араласып, суреттерді қарап, педагогті тыңдайды.<br>Көмектесуге ниет білдіреді.<br>2. **Негізгі кезең.**<br>Педагогқандай да бір заттың суретін тауып, мынадай сұрақтарға жауап беруді ұсынады:<br>– оның оң жағында не орналасқан?<br>– оның астында ненің суреті бейнеленген?<br>– берілген заттың үстінде оң жақта не орналасқан және т.с.с. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:**<br>Әңгімені оқып, сұраққа жауап беруге үйрету. Құрастыру қабілеттерін, шығармашылығын, дыбыстарды дұрыс айта білуін дамыту.**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**«Торғайлар мен мысық» ойыны.**<br>Педагог – «мысық»,ал қалғанда ры «торғайлар» болады. Бөлмеде жағымды баяу әуен ойналады. «Торғайлар» алаңкайда секіріп, ұшып-қонып жүреді. Мысықтың дауысын естісімен «торғайлар» өз ұяларына ұша жөнеледі. Ұсталған «торғай» «мысық» болып ауысады. Ойын осылай жалғаса береді.<br>Педагог балаларды шеңбер жасап отырғызады да, қандай ойын ойнағандарын сұрайды.<br>– Балалар, біз бүгін торғайлар туралы ойынды бекер ойнаған жоқпыз. Өйткені сендерге қазір жазушысы М.Зверевтің «Су торғайы» атты әңгімесін мәнерлеп оқып беремін.<br>Әңгімені мәнерлеп оқиды.<br>**Сергіту сәті.**<br>**Дәптермен жұмыс.** | **Қазқ тілі**<br>**Міндеті:**<br>Туыстық қарым-қатынасты ( «немере», «шөбере») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары туралы айтуға баулу. Шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дид.ойын:** «Отбасы мүшелерін ата»<br>**Шарты:**Сурет бойынша жұмыс<br>Немере деген кім?<br>Ата-ананың ұлынан туған баласы; атадан санағандағы ү шінші, ұрпақ.<br>Шөбере деген кім?<br>Шөбере – немереден туған бала<br>**Дид.ойын:** «Кім тез жаттап алады?»<br>Атамның баяғы<br>Жаралы аяғы<br>Жауынды күндері<br>Ауырып қалады.<br>Көрпесін жамылып,<br>Жатады сарылып.<br>Кенет күн ашылса,<br>Кетеді сауығып.<br>**Сергіту сәті**<br>**Дид.ойын:** «Артығын тап»<br>**Шарты:**Сурет бойынша жұмыс. | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:**<br>Б.Соқпақпаевтің «Шынықсын денеміз» өленінің мазмұны мен идеясын ашу.Балаларға өлеңді жаттата отырып, қыс мезгілінде ауырмас үшін шынығу керектігін түсіндіру.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>«Қыста ғана болады,ұстасаң, қолың тонады». (Қар)<br>**Қимылды ойын:** «Кім жылдам?» Ойын шарты:<br>Балалар екі топқа бөлінеді.<br>Ортада белгі көрсетілген.<br>Балалар көрсетілген белгіге сырғанап жетіп, өз орындарына сырғанап келуі керек. Ойын осылай жалғаса береді.<br>**Сергіту сәті.**<br>Б. Соқпакбаевтың «Шыныксын денеміз» өлеңін жаттау:<br>Жүріңдер, балалар,<br>Сырғанақ тебеміз.<br>Құрыспай, құрыштай,<br>Шыныксын денеміз.<br>– Қыста ауырмас үшін не істеу керек?<br>– Сырғанақ теуіп ойнасақ, қандай бала боламыз?<br>– «Құрыспай, құрыштай» деген сөзді қалай түсінесіңдер?<br>Суретті аяқтап, сал. Боя.<br>**Дидактикалық ойын:** «Кім тез шананы бояйды?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алдымен қызыл түсті балық сатып аламыз. Олардың 4-уін аламыз (карточканы көрсетеді).<br>– Ал енді көк түсті (2 саны жазылған карточканы көрсетеді).<br>– Аквариумда неше балық бар?<br>Сандар жазылған карточкаларды шығарады: 4 + 2 = 6<br>Суретті қарайды, есеп құрастырады, шығарады.<br>Педагог есеп құрастырудың үлгісін көрсетеді: аквариумда қызғылтсары түсті 3 балық және күлгін түсті 2 балық жүзіп жүрді. Аквариумда қанша балық жүзіп жүр?<br>- Балалар үлгіге сүйене отырып, қалған суреттердегі тапсырмаларды құрастырады, шешеді, жауабын атайды.<br>-Екінші аквариумда неше балық бар? Олар бірдей ме?<br>-Үшінші аквариумда неше балық бар? Балалар сұрақтарға жауап береді.<br>Аквариумдағы балықтарды санап, есеп құрастырады.<br>**Дәптермен жұмыс.** | Тапсырманы өзгертуге болады, педагог:<br>– оң жақтағы жоғарғы бұрышта;<br>– парақтың төменгі жиегінің бойында;<br>– парақтың ортасында және т.с.с. орналасқан мына заттарды атауды немесе көрсетуді сұрайды.<br>Карточкалармен жұмыс ұсынады:<br>Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қараңдар. Одан кейін, мысалы, оң жақтағы жоғарғы бұрышта орналасқан суретті көрсетуді (фишкамен жабуды) ұсынады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады.<br>**Дәптермен жұмыс.** | | | |

| 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:**<br>Салауатты өмір салтын дәріптеу. Табиғат пен адам денсаулығының өзара байланысы туралы түсініктерін қалыптастыру..<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дид.ойын: «Суреттер сөйлейді».**<br>**Дид.ойын: «Суреттер сөйлейді».**<br>Тәрбиеші балаларға Н.Ақышевтың «Табиғаттың бөлшегі» әңгімесін әңгімелеп береді,әңгіме желісі бойынша сұрақтар қояды.<br>Тәрбиеші балаларға «саулық қайда болса,сұлусық сонда» деген халық мақалын бгінгі сабақтың дәйексөзі ретінде түсіндіреді.<br>- Табиғатты аялап, қорғасаң, оның сыйларын .немі пайдалансаң,күн тәртібін, тазалықты дұрыс сақтасаң,салауатты өмір сүрсең денің сау болады екен.<br>-Қане,балалар,бір сәт тыныштық сақтап,өзімізді табиғат аясында тұрмыз деп елестетейік.Мейірімді күн шуағы,көгілдір көлге шағылысып жалт – жұлт етеді.Енді сендер суға шомылып,ыстықтағандарыңды | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті**:<br>Туыстық қарым-қатынасты ( «немере», «шөбере») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары туралы айтуға баулу. Шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.<br>**ҰІӘ барысы.**<br>**Негізгі бөлім.**<br>**Дид.ойын:** «Не өзгерді?»<br>**Дид.ойын:** «Кім тез жаттап алады?»<br>Атамның баяғы<br>Жаралы аяғы<br>Жауынды күндері<br>Ауырып қалады.<br>Көрпесін жамылып,<br>Жатады сарылып.<br>Кенет күн ашылса,<br>Кетеді сауығып.<br>**Дид.ойын: «Артығын тап».**<br>**Шарты:**Сурет бойынша жаңа тақырыппен танысу.<br>**Сергіту сәті**<br>**«Достасқан буындар».** Қатар отырған оқушылар ауызша орындайды. Орындау тәртібі бойынша бірінші оқушы «қа» буынын айтса, екінші келесі буынын тауып, сөз құрауы керек | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:**<br>Әдеби шығарманы мәнерлеу құралдарына байланысты қабылдауға дағдыландыру. **Жақсы мен жаман** (Рахым Тышқанбаевтың өлеңі)<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Ойын: "Мен қандаймын?"**<br>**Шарты:** Сен қандай баласың деген сұраққа жауап бер.<br>**"Жақсы мен жаман" өлеңімен таныстыру.**<br>**Ойын: «Тез жауап бер».**<br>- Өлең қалай аталады?<br>**"Суреттер сөйлейді"**<br>**Шарты:**Сурет бойынша жұмыс.<br>Балаларға жақсы мен жаман баланың суретін көрсетін өз ойларын сұрау.<br>Жақсы бала қандай болады?<br>Жаман бала қандай болады? | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:**<br>Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**ҰІӘ барысы:**<br>**Ұйымдастыру.**<br>**Психдайындық.**<br>Жұмбақ .<br>Сөйлеуді ол білмейді<br>Бірақ тоқта, жүр дейді.<br>-Бұл не екен балалар?<br>Әрине ендеше бізге бағдаршамның көздері жайлы<br>**Шағын көрініс көрсетсін: «Бағдаршам»**<br>Қызыл көзін ашқанда<br>Бір қадам да баспа алға<br>Сары көзін ашқанда<br>Қарап қалма аспанға<br>Жасыл көзін ашқанда<br>Өте берген жасқанба<br>Ашса кезек үш көзін<br>Айтшы деп ұқ үш сөзін<br>Жүрме жолға таласып<br>-Балалар, қалай ойлайсыңдар, бағдаршам не үшін керек?<br>-Бағдаршамның неше көзі бар? Қандай?<br>-Бағдаршамның көздерінің қызметін айтып беріңдерші. Қандай көзі жанғанда тоқтаймыз?<br>-Жарайсыңдар, балалар, бағдаршам туралы біледі екенсіңдер, енді жол белгілері туралы әңгімелесеміз.<br>-Сендер таңертең балабақшаға | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**<br>-Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою<br>**Мақсаты:** Зейінді шоғырландыра білу дағдыларын қалыптастыру, талдау мен біріктіру жүйелерін үйлестіре білуіндамытуға жағдай жасау<br>«Көктемге саяхат»<br>«Жылы жаңбыр» (жерді сулап, ағаш жапырақтары менауаны тазартып, жауын тамшыларымен ойнаймыз).<br>Жауыннан кейін ауа тап-таза. Балаларға осы таза ауамен дем алу ұсынылады.<br>«Түрлі түсті кемпірқосақ» (түрлі түске боялып, өлкемізге сән берді).<br>«Жан біткен жасыл желек» (ағаштар, гүлдер, күн көзіне ұмтылады).<br>«Құстар-құстар» (әдемі құстар сиқырлы қанаттарынжайып, аспанға көтеріліп, қалқиды).<br>«Аңдар оянды» (оянып бой жазып, керіледі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бастыңдар.Қандай рақат,көңіліміз жайланып,көтеріліп қалды.Енді осы елестеткен,ойлаған ойларыңмен бөлісейік.<br>Күн,ауа және су<br>Күн мен ауа және су (қолдарымызды жоғары көтереміз)<br>Бәрімізге керек пе?(алға қарай иілеміз)<br>Иә,иә,иә!(қол соғамыз)<br>Күн жылыну үшін бе?(Бір орында жүреміз)<br>Иә,иә,иә!(қол соғамыз)<br>Күн жарық үшін керек пе?(бір орында жүреміз)<br>Иә,иә,иә!(қол соғамыз)<br>Ауа тыныс алу үшін бе?(отырамыз)<br>Иә,иә,иә!(қол соғамыз)<br>Ауа таза болу керек пе?(отырамыз)<br>Иә,иә,иә!(қол соғамыз)<br>Су ішуге керек пе?<br>Иә,иә,иә!(қол соғамыз)<br>Су шынығу үшін керек пе?<br>Иә,иә,иә!(қол соғамыз)<br>Денеңде күш артты ма?(қолдарымызды жан – жаққа сермейміз)<br>Иә,иә,иә!(қол соғамыз)<br><br>Боямақпен жұмыс. | | | келгенде немесе ата-аналарыңмен қыдырып жүргенде қандай жолмен жүресіңдер?<br>-Неліктен жол жиегіндегі жолмен жүреміз?<br>-Қазір біз қаланы аралауға барамыз.<br>.Сендер дайынсыңдар ма?Қаланы біз жаяу аралаймыз. Бәрің менің қасыма келіңдер, абайлап ақырын жүріңдер.Егер де біз жаяу барсақ біз қандай жолаушы боламыз?<br>(Ойын алаңына келеді, онда машина түрлері, жаяу жүргінші жолы мен машиналарға арналған жол, бағдаршам, жол белгілері, дүкен, кітапхана, мектеп, емхана, асхана орналасқан үлкен көшенің көрінісі жасалған).<br>-Балалар, мына жолдың арғы бетіне өту үшін не істейміз?<br>-Дұрыс айтасыңдар, кәне, бағдаршамға қараймыз, бағдаршамның қандай көзі жанып тұр? Не істейміз?<br>-Ал мына жерде бағдаршам жоқ екен. Бірақ мында бір белгі тұр, бұл белгі нені білдіреді екен?<br>-Жаяу жүргіншілерге арналған белгі екендігін қайдан білдіңдер?<br>-Енді мына белгілерге қараңдаршы, мынау ненің суреті? | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | -Ал мынау – медициналық көмек пунктінің белгісі. | |
| **4 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**<br>- Саусақтарды айқастырып, алға- жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішкеқарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.<br>**Мақсаты:** Зейінді шоғырландыра білу дағдыларын қалыптастыру, талдаумен біріктіру жүйелерін үйлестіре білуін дамытуға жағдай жасау.<br>ҰІӘ барысы**:**<br>**Кіріспе бөлім**<br>**Жалпы дамыту жаттығулары.**<br>**Негізгі кимыл-қозғалыс жаттығулары.**<br>**Қимыл –қозғалыс ойындары** | **Музыка**<br>**Міндеті:**<br>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру<br>**Мақсаты** Әуеннің би сипатынсезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.<br>**Музыка тыңдау**: «Вальс» (С.Майкапар) Ән айту:<br>«Қыс қызығы» (И. Нүсіпбаев)<br>«Ақша қар» (К. Қуатбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Аюлар биі» (Е. Тиличеева)Билер: «Испан биі»<br>(«Билеп үйренейік» жинағынан)Ойындар, хороводтар: «Төмен және жоғары дыбыстар»<br>ойыны<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Полька» (А. Филиппенко) | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**<br>Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу<br>**Мақсаты** Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуғажәне ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруға жалғастыру .<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Жасайды:** допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды;<br>гимнастикалық қабырғаның жоғарғыжағына дейін өрмелеуді; арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді.<br>**Түсінеді:** төзімділік, ұйымшылдықтәрізді қасиеттер жеке тұлға болып дамуына қажет екенін.<br>**Қолданады:** түрлі | **Музыка**<br>**Міндеті:**<br>Балаларға<br>«Қаражорға» биін билету<br>**Мақсаты** Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.<br>**Музыка тыңдау**:<br>«Вальс» (С. Майкапар)Ән айту:<br>«Қыс қызығы» (И.Нүсіпбаев)<br>«Ақша қар» (К. Қуатбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Аюлар биі» (Е.Тиличеева)<br>Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар: «Төмен жәнежоғары дыбыстар» ойыны<br>Музыкалық аспаптаойнау:<br>«Полька» (А. Филиппенко) | **Сурет**<br>**Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>**Міндеті:**<br>Балаларды<br>қазақтың қонақ жайлылығымен таныстыру<br>Мүсіндеудің әртүрліәдістерін қолдану<br>Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру<br>Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктірудіқалыптастыру<br>**Мақсаты:-** мерекелік дастархан суретінсалу,<br>Мүсіндеу<br>Жапсыру, Құрастыруды үйрету |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жүктемелерде тыныс алуды қалыпқа келтіру, дұрыс тыныс алу, топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындайды<br>Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау: | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру(**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Картотека №10 | Картотека №12 | Картотека №15 | Картотека №9 | Картотека №11 |
| **Серуеннен оралу** | Сыныпқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** | Музыкалық аспаптармен ойындар. Құстар туралы әндер жаттау. **(музыка)** | Өнер бұрышында қыстайтын құстар тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)** | Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет)** | Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Фатима мен Айбарға<br>ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын үйрету. Ойын:«Көзіңді жұмып, қолыңменанықта» | Райхан пен Төлепбершгенге қыс мезгілінің белгілерін ажыратуға үйрету.<br>Д/ойын:"Қыс белгілерін ажыратамыз" | Шахназ бен Әлиге қарындашпендөңгелек пішіндерді салуды үйрету.<br>«Аққала» | Ерке мен Аймираға Қолғаптар мен шұлықтардыңсыңарын табуға үйрету.<br>Ойын: «Сыңарын тап» | Дина мен Рахманға қыс мезгілінің белгілерін ажыратуға үйрету.<br>Д/ойын:"Қыс белгілерін ажыратамыз" |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналармен өткен күн туралы, балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу | Ата-аналармен балаларды оқыту мәселелері бойынша әңгімелесу, қазақ тіліндегі сөздерді үйренуге ұсыныстар беру | Балаларға тәуелсіздік тәрбиесі туралы ата-аналармен әңгіме | Ата-аналарға кеңес : «Үйде математиканы үйрену». | Ата-аналармен әңгімелесу «Бір аптада біз жаңа не білдік» |

*Тексерілді:*

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№74 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ
**Мектепалды «А» сыныбы**
**Балалардың жасы 5 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 16-20 қаңтар 2022-2023 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(коммуникативтік, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгіме лесу, кеңес беру** | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөніндекеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларды сабаққа кешікпей әкелулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың тазалығы жөнінде ескерту | Ата –аналармен әңгіме: Дұрыс тамақтануға баулу |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Үстел үсті ойыны – пазл: «Жыл мезгілдері »** Балалармен қыс мезгілі туралы әңгімелесу. | **Құрылыс ойындары:** «Қардан үйшік жасаймыз» | **Фотосуреттер қарастыру:** «Қысқы ойындар түрлері» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау. | **Үстел үсті театры:** «Ғажайып қыс» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. | **Сюжеттік ойындар: «Қыстың қызықты сәттері»** еркін сурет салу. **Д/ойын**: «Қар» |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 11-15 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)** | Тілді жаттықтыратын тақпақ<br>Кім келді?<br>Қане, қане кім келді?<br>Біз, біз, біз!<br>Апа, апа бұл сіз бе?<br>Иә, иә, иә!<br>Әке, әке бұл сіз бе?<br>Иә, иә, иә!<br>Ағатайым бұл сіз бе?<br>Иә, иә, иә! | Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау)<br>(Қоршаған ортамен танысу) | "Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу.<br>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.<br>Торғай-торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары тары шоқып ап, | "Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.<br>Барысы: педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын | Театрландырылған қойылым "Аққу-қаздар".<br>Мақсат-міндеттер: балалардың өз бетінше театрландырылған ойындарды ұйымдастыруын үйрету, рөлдер мен міндеттерді өзара бөлісу біліктіліктерін жетілдіру, шығармашылық дербестікті дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қарындасым бұл сен бе?<br>Иә, иә, иә!<br>Біздер тату жан ұя<br>Иә, иә, иә! | | Бөтегесі томпайып<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар.<br>"Халық ауыз әдебиеті.<br>(көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) | ақырындап өсіруге болады.<br>(танымдық дағдылар) | (қоршаған ортамен танысу) |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту<br>Мақсаты Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту.<br>-Күшік пен мысық ертегісін есімізге түсірейік.<br>–Енді осы ертегіні рөлдерге бөліп сахналайық (атрибуттарын кигізу).<br>Марғау мысықтың баласы екенін түсіндіреді.<br>Дидактикалық ойын:<br>«Ертегі кейіпкерлерін тауып жүрісін сал». Ойын шарты: Ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады. | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** -Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру<br>өткен тақырыптарды пысықтау.<br>**Дидактикалық ойын: «Орамал тастамақ».**<br>Педагог дыбысты айтып, бір баланың үстеліне орамал тастайды. Бала сол дыбысқа сөз<br>ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек.<br>Мысалы: «а» алма, «о» оқ, «а» алқа «д» доп, «б» балық, «ж» жапалақ, «с»сағыз, «р» рауғаш, «у» уық, «к» кілем , «т» тарақ, «қ» қызылша, «ш» шырша, «а» асқабақ, «к» картоп,<br>«о» ожау, «ж» жаңбыр, «ш» шапалақ, «е» елік, «н» нағашы, «г» Гүлмира, «ш» шалғы, «щ»<br>щетка, «з» зымыран, «ф» фабрика, «ы» ыдыстар, «п» парта, «л» лақ, «э» элеватор т.б. | **Математика негіздері**<br>**Міндеті** Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру.<br>Педагог 3- тапсырманы орындауды сұрайды.<br>– Суреттерді қараңдар. Әр табақшадағы көгөністер мен жемістерді санаңдар. Санын жазыңдар.<br>Педагог балалармен талқылайды, санайды, цифрын жазады.<br>4- тапсырма жеке орындалады.<br>Педагог балаларға тапсырманы алгоритм бойынша бірге орындауды ұсынады:<br>– Қарындашты нүктеге қой. Бірінші тапсырмада көрсетілгендей 4 торкөзге жоғары сызық сыз.<br>– Тоқта.<br>– Шатаспау үшін, осы тапсырманы (жоғары 4 | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті** -Сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау<br>**Мақсаты с**өйлем туралы алған білімдерін пысықтау<br>**Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос»**<br>– Мен сендерге бір сөзі жетпейтін сөйлем айтамын, ал сендер сөйлем дұрыс құрылу<br>үшін, мағынасы бойынша келетін сөз қосуларың керек.<br>Мысалы:<br>Әкем балғамен шегені ... (шегеледі).<br>Әжем шұлық ... (тоқыды).<br>Көбелек гүлге ... (қонды).<br>Бағдаршамда қызыл түс ... (жанды).<br>Құрылысшы кірпіш ... (қалады).<br>Дәрігер науқасты ... (емдеді).<br>Атам газет ... (оқыды).<br>Балалар далада ... (ойнады).<br>Әпкем ыдысты ... (жуды). | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті :**Сөйлем құрау және сөйлемді толықтыру, өз ойларын толық жеткізе білу дағдыларын жетілдіру<br>**Мақсаты** сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау<br>**Дидактикалық ойын: «Сөйлемді толықтыр»**<br>**Мақсаты:** Сурет бойынша сөйлемдерді құрауға, жай сөйлемдерді толықтыруға үйрету.<br>Көрнекілігі: «Аулада» тақырыбындағы мазмұнды сурет.<br>Мазмұны: педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы:<br>Әсем ойнап жүр.<br>Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: Әсем аулада ойнап<br>жүр.<br>Келесі бала тағы бір-екі сөзді қосады. Әсем аулада досымен ойнап жүр. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | көрсеткіш сызық) сызып таста.<br>– Келесі команданы қараймыз және оқимыз (торкөздердің саны мен бағыты).<br>– Тапсырма бойынша жылжы, графикалық диктантта көрсетілгендей торкөздерді сыз. Қандай сурет шықты? Оны көрсет. Бұл ит**.** | Ағай күй ... (тартты). | |
| **2 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру<br>заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру.<br>Топтық практикалық жұмыс. Таразымен жұмыс. Заттарды салмағы бойынша салыстыру.<br>Балаларға жұптарға бөлініп, үстелдерге өту ұсынылады. Жұптағы бір бала таразы табақшасына бір затты салады, екінші бала екінші затты салады, заттардың салмағы әртүрлі.<br>Дәптермен жұмыс<br>1-тапсырманы жұмыс дәптерінде орындауды ұсынады.<br>– Суреттерге қарайды. Қандай заттар жеңіл екенін атайды. Әр жұптағы ауыр | **Математика негіздері**<br>**Міндеті** Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Қай табақша төмен** түседі? Салмағы ауыр ма немесе жеңіл ме?<br>Таразы бойынша қай табақша ауырырақ екенін анықтайды. Кім (не) ауырырақ?<br>Блиц-сұрақ.<br>Не ауыр – ашықхат па, қарындаш па?<br>Таразы табақшаларын теңестіру үшін не істеу керек?<br>Дәптермен жұмыс<br>Педагог 2- тапсырманы орындауды сұрайды.<br>Заттарды таразыға салады. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** - Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру<br>**.** Ертегіні мазмұны бойынша әңгімелету**.**<br>**Ертегі**: «Қасқыр мен түлкі» (Педагог «Қасқыр мен түлкі» ертегісін оқып береді. Мазмұнын айтып түсіндіреді. Сонан соң ұл балаларға қасқырдың, қыздарға түлкінің сөзін қайталауды ұсынады).<br>Ертеде бір Қасқыр мен Түлкі дос болыпты. Екеуі келе жатып жол үстінен бір кесек ет көреді. Екеуінің де жегісі келіпті.<br>Қасқыр Түлкіге:<br>–Сен жей ғой, досым, – депті. Түлкі арсаландап:<br>–Менің аузым ораза ғой, сен-ақ жей ғой, – депті. | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету<br>өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету<br>Арман мен Сәуле диалог жүргізеді.<br>– Сәуле, сен таңертең не істейсің?<br>– Мен таңертең тұрамын.<br>– Таң-ер-тең- ң тұ-ұ-ұ-ра-мын. Таңертең тұрамын (айнамен жұмыс).<br>– Бе-ті-і-ім-ді-і-і жуа-мын – бетімді жуамын.<br>– Ті-с-і-і-ім-ді-і-і та-за-лай-мын – тісімді тазалаймын.<br>– Ша-шым-ды та-рай-мын – шашымды тараймын.<br>– Жат-ты- ғу жа-сай-мын - жаттығу жасаймын. | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру**.**<br>**Мақсаты ертегіні мазмұндау арқылы театр мәдениетіне баулу.**<br>Суретте жиналған аңдарды ата.<br>Арыстан аңдарды не үшін жинады?<br>Аңдар арыстанның сұрағына қалай жауап берді?<br>Көктемнің сәні не?<br>Ойынды ортаға сал.<br>2. Қай суреттер көктемнің сәні дегенге сәйкес келеді? Белгіле.<br>Педагог ертегіні сахналауды ұсынады. Бала сиқырлы қоржыннан қай аңның суретін алса, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | затты атайды және бояйды. Бұл тапсырманы қолда бар материалдардан таразы жасап, орындауға болады. Мысалы, қорап, пенал т.б заттарды тірек ретінде алып үстіне сызғышты орнатады. Салмақтары жеңіл және ауыр екі ойыншықды ойластырған таразының екі жағына салады. Балаларға әртүрлі таразы үлгілерін көрсетеді. 3–5 баладан кезек-кезек шықырып, оларға әртүрлі заттардың жұптарын өлшеуді ұсынады. Тапсырманы орындайды. Балалар заттардың жұптарын өздігінен өлшейді.<br>Балалар «жеңіл», «ауыр» сөздерін қолдана отырып, өздерінің іс-әрекетін түсіндіреді | Оларды жапсырады. Заттардың салмағы таразының орналасуына қарай анықталады:тең,жеңіл және ауыр.<br>Сол жақтағы таразыға қарбыз бен қауынды салады, оң жақтағы таразыға – үш-үштен жеміс салады. | Қасқыр етті жейін деп тұмсығын соза бергенде мойнын қақпан қауып алып, ет ұшып кетіпті. Түлкі етті қағып алып жеп қойыпты.<br>Қасқыр:<br>–Ей, досым-ау, сенің аузың ораза емес пе еді? – десе,<br>Түлкі:<br>–Оразам сенің мойныңа түсті ғой, – деп зыта жөнеліпті | – Ки-і-м-і-і-м-д-і-і-і ки-е-мі-і-і-н – киімімді киемін.<br>– Содан кейін анаммен балабақшаға барамың.<br>Балалар қуыршақтардың (педагогтің) соңынан сөздер мен сөйлемдерді қайталайды.<br>Сөздік ойын: «Жалғасын тап». Үлестірмелі материалдардың көмегімен сөйлемді толықтырады.<br>Таңертең ... (тұрамын).<br>Бетімді ... (жуамын).<br>Тісімді ... (тазалаймын**).** | сол аңның қимылын көрсетіп, сөзін айтады. Басқа балалар көрермен болады |
| **3 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті: -**Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу<br>Киіз үй жабдықтарымен таныстыру**.**<br>Балалар мына суретте ненің суретін көріп тұрсыңдар? | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті -** Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру<br>сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық ыдыстардың атауымен таныстыру<br>**Ойын: «Сиқырлы қоржын».**<br>**(** Ішінде кесе, қасық, тәрелке). Балалар таныс заттарды атайды, сұрақтарға жауап | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу<br>ертегіні мазмұндау арқылы театр мәдениетіне баулу.<br>**Ол ертегі «Көктемнің сәні» деп аталады.**<br>Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегі кейіпкерлерін | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:** Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту<br>Балалардың бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіре отырып, ата дәстүрін танып білуге, | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: -**Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу<br>Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту.<br>«Ең сақ кім екен?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | — Киіз үй туралы не білесіңдер?<br>— Кім киіз үйдің ішіне кіріп көрді?<br>— Киіз үйді неден жасайды?<br>— Киіз үй жабдықтарын білесіңдер ме?<br>— Жарайсыңдар балалар. Жауап берген балаларды алтын жұлдызбен бағалау.<br>— Балалар мен сендерге киіз үй туралы шағын мағлұмат беріп өтейін.<br>— Киіз үй ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды. Олар: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық (жарма есігі).<br>Кереге – киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі.<br>Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер.<br>Уық – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық.<br>Киіз есік – сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. | береді.<br>Қандай кесе? Неше кесе? Түсі қандай? Қандай қасық? Қандай тәрелке? (Үлкен, кішкентай).<br>Қоржынның екінші жағынан ұлттық ыдыстарды алып, жаңа сөздермен таныстыру, ұлттық ыдыстар туралы қысқаша мағлұмат беру.<br>– Мынау – торсық.<br>– Мынау не? (Жеке-жеке «торсық» сөзін дұрыс айтып жаттығып, естеріне сақтайды).<br>– Торсық теріден жасалады.<br>– Торсық неден жасалады?<br>– Торсық теріден жасалады.<br>– Мынау – тостаған.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – тостаған.<br>– Мынау қандай тостаған? (Үлкен, кішкентай).<br>– Тостағанмен қымыз, айран ішеді.<br>– Тостағанмен не ішеді?<br>– Тостағанмен қымыз, айран ішеді.<br>– Тостаған ағаштан жасалған.<br>– Тостаған неден жасалған?<br>– Тостаған ағаштан жасалған.<br>– Мынау – ожау.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – ожау.<br>– Мынау – ұлттық ыдыстар.<br>– Мыналар – нелер?<br>– Мынау – ұлттық ыдыстар.<br>Балалар сөздерді және сөйлемдерді тыңдап, қайталайды. | салыстырып сипаттайды. Ертегінің өлеңнен айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан шығарады.<br>Балаларға ертегіні толық оқып беріп, мазмұнын түсіндіреді<br><br>Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар:<br>– Ертегі қалай аталады? Ертегі не туралы?<br>– Арыстан аңдарды не үшін шақырды?<br>– Қандай аңдар жиналды?<br>– Арыстан қандай сұрақ қойды?<br>– Аңдар не деп жауап берді?<br>– Елік дұрыс айтты ма?<br>Көктемнің сәні деген – гүлдер, көбелектер, алғашқы ұшып келген құстар, күннің жылуы, мөлдір су, көкмайса шөп**.** | ардақтауға құрметтеп мақтан тұтуға тәрбиелеу.**.** **Ата мен әжесінен сүйінші сұ**рап қыз бала жүгіріп келеді, сүйіншісін беріп, көршілерге қуанышты хабарды хабарлауға жұмсайды. Ата мен әже немерелі болдық деп қуанып, есім таңдап отырғанда, нәрестесін көтеріп келіні кіреді. Атасы немересін қолына алып, азан шақырып атын қояды.<br>Тәрбиеші:<br>Балаға ат қою рәсімі. Қазақтың салт-дәстүрлерінің бірі балаға ат қою. Ырымдап ат қою – қазақтың қанына сіңген дәстүр. Ал енді,тәрбиешілер сіздердің де есімдеріңізді ырымдап қойған болар, сол туралы айтып өтсеңіздер. (әр тәрбиеші өз есімдері жайлы айтып өтеді)<br>Қазақтың балаға байланысты жасалынатын ырым-дәстүрлерін атап өту (тәрбиешілер балаға байланысты дәстүрлерін атап, соның ішінен бесікке салу дәстүрін көрсетеді)<br>Бесікке салу рәсімінен көрініс. Баланы бесікке салу – салтанатты рәсім. Баланы бесікке салмас бұрын, баланың бесігіне, | Текшелерге көтеріп қойылған сырықтардың астынантүрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өту.<br>Түрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өтеді. Сырықтың биіктігіне қарай тиімді әдісті таңдайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарық теріден жасалады.<br>— Үй жиһаздарына да толық мағлұмат беріп өту.<br>Абажа – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеженің үлкен түрі. Ағаштан жасалып, киізбен, былғарымен қапталған.<br>Кебеже – сүт ет, құрт, шай салып сақтау үшін ағаштан жасап, өрнектеген үй жиһаздары.<br>Әбдіре – зат сақтайтын үлкен сандық.<br>Сырты қаңылтырмен әшекейленіп қапталады.<br>Ағаш төсек – жату үшін пайдаланатын үй жиһаздары.<br>Асадал – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеже.<br>Жастықағаш – ерте кезде жастықтың астына салынатын ағаш тиянақ.<br>Адалбақан – киім ілуге арналған үй жиһаздары.<br>Жүкаяқ – үйде жүк астына қоятын ағаш зат.<br>Сандық – киім — кешек, т.б.  зат салуға арналған үй жиһаздары.<br>Төсеніштер:<br>Алаша, киіз, сырмақ.<br>Тұскиіз – сәндік үшін төсектің тұсына тұратын үй бұйымы.<br>Қоржын – екі жағын тең етіп тоқылған, не құрап | – Тостаған, торсық сөздеріндегі бірінші дыбыс қандай?<br>«Т» дыбысынан басталатын сөздер айтыңдаршы. (Табақ, тауық, тәрелке, тышқан, түлкі, Қима материалдармен жұмыс. Сөздерді бекітуге ойын: «Менде, сенде...». Балалар алдарындағы суреттерін атап, көршісінде ненің суреті екенін сұрайды. Мысалы**:**<br>**Менде тостаған. Сенде не?** | | жын – шайтан жоламас үшін аластайды. Баланы бесікке салмас бұрын «тыштырма рәсімі» жасалынады. Бесіктің тесігінен тәттілер өткізіледі. Жиналған адамдар қолдарын созып, бесіктің астына алақандарын жаяды. Өткізілген тәттілер олардың алақандарына түседі.Бесіктің астына әрбір тәтті түскен кезде ,бесікке салған адам басқаларға «тышты ма?» деп сұрайды. Сол кезде жиналған жұрт «тышты, тышты»деп айтады. Осылайша «тыштырма» рәсімі «тышты ма?» деген сөзден шыққан. Баланы бесікке бөлегеннен кейін «бесік жыры» айтылады. Бесік жыры –дегеніміз балаға әндетіп айтылатын әуен. Бесік жыры бала мазасыз болып, жылап жатқанда немесе ұйықтай алмағанда айтылады.<br>Бесіктің құрал – жабдықтарын атап өту.<br>«Ел боламын десең ,әуелі бесігіңді түзе» деп қазақ атамыз тектен текке айтпаса керек.<br>Мақал-мәтелдер.<br>Бала тәрбиесіне байланысты мақал-мәтелдерді сурет бойынша | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тіккен зат салатын дорба. Аяққап – ыдыс – аяқ салатын қапшық. Екі бетін киізден тігіп, бетін о — — өрнек салып не кестелеп әшекейлейді.<br>— Балалар, бізге білгішбек ағамыздан хат келіпті, қане бәріміз бірге ашып көрейік. Төрт топтың балаларына тапсырмалар жіберіпті.<br>— Топпен жұмыс жасау.<br>1 – топ «Шаңырақ» Шаңырақтың суретін саласыңдар.<br>2 — топ «Уық» Киіз үй неше бөліктен тұрады санмен санап айтасыңдар.<br>3 – топ «Кереге» сендерге киіз үйді жабдықтары туралы әр түрлі пішіндер берілген киіз үйді құрастырыңдар.<br>4 – топ «Есік» Киіз үйдің ішіндегі үй жиһаздарын атаңдар. | | | айту**.** | |
| **4 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: -** Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу<br>Көлбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктегі | **Музыка**<br>**Міндеті: -** Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыт Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру Музыка тыңдау: | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:.**Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату<br>- Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен | **Музыка**<br>**Міндеті -** Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру. Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру | **Сурет**<br>**Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>**Міндеті: -** балалардың ұлу туралы білімдерін жетілдіру<br>-- Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салмақ түсіру, тірелу нүктесінде тепе-теңдік сақтауға дағдыландыру<br><br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар мен қояндар» Қозғалып бара жатқан нысананы «ату» кезіндегі қауіпсіздік ережелерін еске салады. Ойыншылар «аңшылар» мен «қояндарға» бөлінеді. «Аңшылар» сызықтың сыртына тұрады, ал «қояндар» сызықтардың ортасына тұрады. «Аңшылар» доппен «қояндарды» атып алуға тырысады. «Оқ тиген» қояндар ойыннан шығады. Барлық қояндарды атып алған соң командалар орнын ауыстырады | «Ақ сиса» (Жаяу Мұса)<br>Ән айту:<br>«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)<br>«Көктем» (Д. Гусинцев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Аюлар биі» (Е. Тиличеева)<br>Билер: «Қамажай» х.ә. (өңдеген Н. Меңдіғалиев)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Үйшік» (В. Витлин)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Сәулем-ай» қазақтың х.ә. (өңдеген Б. Дәлденбай**)** | әрекет ету, күштілікті дамыту.<br>**Текшелер мен сырық (ұзын ағаштармен) орындалатын негізгі қимылдарды орындау.**<br>**Қауіпсіздік ережелерін еске саламыз: бір-біріне қарама-қарсы жүруге болмайды.**<br>**Секірулер: сырықты жалғыз аяқпен секіріп, ілгері қарай айналып жүру. Секіргенде аяқтың басымен итеріліп, аяқтың басына қайта түсу.** | Музыка тыңдау:<br>«Ақ сиса» (Жаяу Мұса)<br>Ән айту:<br>«Наурыз тойы» (Т. Мұратов)<br>«Көктем» (Д. Гусинцев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Аюлар биі» (Е. Тиличеева) Билер:<br>«Қамажай» х.ә. (өңдеген Н. Меңдіғалиев) Ойындар, хороводтар:<br>«Үйшік» (В. Витлин)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Сәулем-ай» қазақтың х.ә. (өңдеген Б. Дәлденбай | бөліктерден) және мүсіндік -қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию<br>- Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу<br>-ұлудың суретін салу,мүсіндеуужапсыру,құрастыру<br><br>**Топтық жұмыс** |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **Серуен** | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №3**<br>**Бақылау: Мойыл бұтасын бақылау**<br>*Мақсаты:*<br>— Бұталар туралы білімдерін молайту;<br>— Бақылай, зерттей білу қабылеттерін дамыту;<br>— Табиғатты аялауға, | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №4**<br>**Бақылау: Тастарды бақылау**<br>*Мақсаты: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.*<br>*Бақылау барысы*<br>Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №5**<br>**Бақылау: Бұлттарды бақылау**<br>**Мақсаты**: *өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру.*<br>*Бақылау барысы.* | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №6**<br>**Бақылау: Желді бақылау**<br>*Мақсаты:*<br>*- жел туралы түсініктерін бекіту;*<br>*- жел түрлерін есте сақтау.*<br>*Бақылау барысы*<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: | **Сәуір**<br>**Серуен-Бақылау №7**<br>**Бақылау: Сутоғанды бақылау**<br>*Мақсаты: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.*<br>*Бақылау барысы*<br>Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қорғауға тәрбиелеу.<br>*Бақылау барысы*<br>**Тәрбиеші әңгімесі:**<br>Мойыл әрі дәрілік, әрі сәндік өсімдік. Мойыл гүлдеген кезде әдемілігімен көздің жауын алып, хош иісі мұрыныңды  жарады. Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді, ал, жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Қоңыр күзде мойылдың жемістері өте дәмді болады. Жаңа піскен жидектерінен қант қосып тәтті сусындар мен кисельдер жасайды. Сол сияқты мойыл жидектерінің емдік қасиеті де өте жоғары. Одан жасалған дәрілермен іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын емдейді. Сондықтан да мойылды кеспей, сындырмай сақтаған жөн. Мойыл гүлдері өте әдемі болғанмен, оның гүл шоғын көп етіп алсаңыз басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз, бұтасын сындырмай ғана, екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады. Мойылды өзіңіз де сындырмаңыз, өзгеге де жол бермеңіз. | салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп.<br>Сұрақтар:<br>*Тастардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>*Асыл тастарды не үшін пайдаланады?<br>*Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады?<br>*Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады?<br>Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді.<br>*Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау.<br>**Еңбек**<br>Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау.<br>*Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.* | *Көркем сөз. «Бұлт»*<br>*Ө. Ақыпбекұлы*<br>*Бұлттың қайда тұрағы?*<br>*Біле алмадым мұны әлі.*<br>*Білерім көк аспанның,*<br>*Бұлт-көшпелі бұлағы.*<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦Бұлт дегеніміз не?<br>♦Бұлттардың түсі қандай болады?<br>♦Бұлттар неден тұрады? *(сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.)*<br>♦ бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? *(түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар)*<br>♦  Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады)<br>♦  Шарбы бұлттар неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады)<br>♦  Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар)<br>♦ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар)<br>♦Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Аспандағы  қандай бұлттар екенін анықтау. | Ағаштарды шайқайды,<br>Көзге көрінбейді.<br>Шарлағанда сай-сайды,<br>Бір сәт ерінбейді. (жел)<br>Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады.<br>Сұрақтар қояды:<br>♦ Желдің қандай түрлері болады?<br>♦ Жел неге соғады?<br>Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.<br>♦Барынша қатты желдердің атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)*<br>♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) | бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді.  Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді.<br>**Зерттеу жұмысы.**<br>Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау<br>**Еңбек**<br>Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау.<br>*Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларға сұрақтар<br>♦ Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді?<br>♦ Мойылдың жемістері қай уақытта піседі?<br>♦ Мойыл жидектерінен не жасайды?<br>♦ Мойылдың басқа қандай қасиеті бар?<br>♦ Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек?<br>**Еңбек**<br>Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу.<br>*Мақсаты: ағаш отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты көркейтуге тәрбиелеу.* | | Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу.<br>**Еңбек**<br>Алаңды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру.<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру..* | ♦Желдің ізін көруге болады ма?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Компас арқылы желдің бағытын анықтау.<br>Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау.<br>**Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.* | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ***Жеке баламен жұмыс:***<br>**Мақсаты:** балаларға сурет оқу қызметі бойынша қарандашты дұрыс ұстауға үйрету. | ***Жеке баламен жұмыс:***<br>**Мақсаты:**сөздерді дұрыс айтуды үйрету | ***Жеке баламен жұмыс:***<br>**Мақсаты:** Өлең, тақпақтар жаттату | ***Жеке баламен жұмыс:***<br>**Мақсаты:** Балалармен қарым -қатынаста болуын дағдыландыру | ***Жеке баламен жұмыс:***<br>**Мақсаты:** Балалардың есте сақтау қасиеттерін арттыру үшін, балаларға тақпақ жаттату |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)** | Қимылды ойын «Біздің аулада не өседі?».<br>Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақтау, аталған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу.<br>Жаттығу ойыны | Қимылды ойын.<br>«Бәйге».<br>Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру.<br>Жаттығу ойыны.<br>Қозғалыстарын дамыту | Қимылды ойын «Қасқыр қақпан».<br>Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу.<br>Жеке жұмыс<br>Математикалық жаттығулар. | Қимылды ойын «Кім жылдам?».<br>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.<br>Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.<br>Мақсаты: қозғалыс | Қимылды ойын «Қасқыр қақпан»<br>Мақсаты:<br>— белгі бойынша әрекет етуге үйрету;<br>— ойын шартын сақтап ойнауға баулу;<br>Жаттығу ойыны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимылдарын дамыту<br>Мақсаты: доп лақтыруға жаттықтыру.<br>Мақал-мәтел:<br>-Бір тал кессең, он тал ек. | Мақсаты:<br>секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру. | Мақсаты: тақ және жұп сандарды санай білу дағдыларын жетілдіру.<br>Халық болжамы. Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады. | координацияларын дамыту.<br>Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады. | Ұзындыққа секіру.<br>Мақсаты: ұзындыққа секіруге жаттықтыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | ***Ата –аналарға кеңес***Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

*Тексерілді:*

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№74 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ
**Мектепалды «Ә» сыныбы**
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** : 10– 14 сәуір 2022-2023 оқу жылы

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдеріменкеңес ,әңгімелесу** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Үстел үсті ойыны – пазл: «Әсем гүлдер бағы » Балалармен әсем гүлдер туралы әңгімелесу. | Құрылыс ойындары: «Біздің аула гүлдері» | Фотосуреттер қарастыру: «Гүлдер,гүлдер көп гүлдер» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау. | Үстел үсті театры: «Раушан гүлдер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. | Сюжеттік ойындар: «Қош иісті гүлдер» еркін сурет салу. Д/ойын: «Менің сүйікті гүлім» |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Таңғы жаттығу кешені № 11** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)** | «Табиғатым тамаша»<br>Табиғатым тамаша,<br>Көз тоймайды қараса.<br>Табиғатты аялап,<br>Жүрейікші жараса. | «Дала қандай тамаша»<br>Дала қандай тамаша,<br>Ақ мамыққа оранған.<br>Ақ дастарқан жайғандай,<br>Көз тоймайды қараса. | «Табиғатқа қамқор боп»<br>Табиғатқа қамқор боп,<br>Байлығын біз қорғайық,<br>Әдепті да,тәртіпті боп,<br>Жақсылығын қолдайық. | «Табиғат...»<br>Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған.<br>Сен күнсің көтерілген күліп қырдан.<br>Сен көлсің, сен ормансың.<br>Сен - бұлбұлсың,<br>Адамға сұлулықты шын ұқтырған! | «Дала қандай тамаша»<br>Дала қандай тамаша,<br>Ақ мамыққа оранған.<br>Ақ дастарқан жайғандай,<br>Көз тоймайды қараса. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті** Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану<br>Бала бойындағы шешендік қасиетті, сөздік қорларын дамыту.<br>Педагог балаларға сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын пысықтайды.<br>–Ертегіде нелер жайлы айтылған?<br>–Қасқыр мен Түлкі дос болған ба?<br>–Екеуі жолдан не көрді?<br>–Қасқыр Түлкіге не деді?<br>–Сонда Түлкі не дейді?<br>–Еттегі қақпанға қайсысы түседі?<br>–Түлкі сияқты айлакер, қу болу керек пе?<br>–Ертегі қызық бекен, сендерге ұнады ма?<br>Жалғастырта 3– 4 баладан | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру<br>дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру<br>Дидактикалық ойын: «Сөз жарыс»<br>Педагог: Балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын<br>сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет.<br>Мысалы: киімдер, гүлдер, сандар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға<br>бөлген балаға жұлдызша беріліп отырады).<br>Жұлдызшаны санау арқылы жеңімпаз анықталады. | **Математика негіздері**<br>**Міндеті** Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.<br>Ойын жаттығуы: «Жазбаны шеш».<br>Балалар карточкалардың көмегімен үстелде және тақтада математикалық жазбалар жасайды. | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру<br>**«**Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы<br>(Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады)<br>-ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас, алау,<br>Альбина, ал т.б . | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті** Төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйретуді жалғастыру<br>дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру<br>Дидактикалық ойын: Жоғалған дыбыс»<br>– Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасыңдар да допты кері бересіңдер.<br>Мысалы:... ерезе (т), ...ілем (і)і, ...алық(б), ...үрек(ж), ...ақыт (б), уыршақ...(к), ...омбыра<br>(д), ...екемет (т), ...ышақ (п),... аймақ (к), ...анан(б), ...ектеп(м), ...рік(ө), ...ияз(п) т.б. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұрап шығады.<br>Дидактикалық ойын: «Түлкінің құйрығын тап».<br>Ойын шарты: балалар қима суретерден Түлкінің құйрығын тауып көрсетеді. | Дидактикалық ойын: «Қағып ал»<br>– Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдарМысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), ббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), қққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), тттау(т), кккерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), тттүйе(т), мммандарин(м), қққобыз(қ), сссандық(с), тттекемет(т), ееер(е), үүүзеңгі(ү), ааарба(а) т.б.<br>– Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз? | | -оқ буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б.<br>-жа буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық , жарқыра, жалқау, жаура, жалау, Жамбыл, жалпылдақ, жалбыз, жаһұт, жау, жарайды, жалмауыз, т.б. | |
| **2 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен<br>10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.<br>Педагог балаларды вагондар болуға шақырады. Он бала бір-біріне тіркесіп, пойыздың қозғалысын еліктейді. Балаларға 1-ден 10-ға дейін цифр жазылған карточкалар таратылады. Педагог басқа балаларға вагондарды 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды сұрайды.Вагондармен көрініс ойнатылады. Педагог вагондардың бір-бірден туннельге қарай кетіп жатқанын хабарлайды. Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге азайту амалын көрсетеді. | **Математика негіздері**<br>**Міндеті** - 10 көлеміндегі сандарды салыстыру<br>**:** 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.<br>**Карточкамен жұмыс**<br>Тақтада (демонстрациялық материал 21- кесте)<br>1 -ден 10-ға дейін сандар қатары ретімен тұрады. Топтан екі баланы шақырады, олар цифрды тез және дұрыс қояды, тура және кері санайды. Бір бала санауды бастайды, екіншісі жалғастырады деген тәсілді пайдаланамыз | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу<br>Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту.<br>**–**Ай мен жұлдыздар әлемін ғарышкерлер зерттейді. Сендер қазақтың ғарышкерлерін білесіңдер ме?<br>–Ғарышкер немен ұшады?<br>–Ғарышкер қандай болу қажет?<br>Педагог Ж.Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңін мәнерлеп оқып береді.<br>Аспан, аспан арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын!<br>Ғарышкер мен де боламын, Боламын десем, боламын. Таудай үлкен талабым, Мен бармақтай баламын. Көктің жүзін барлаймын, Үлкен ғалым боламын, Боламын десем, боламын. (Ж.Смақо**в)**<br>**–**Өлеңдегі бала кім болуды армандайды?<br>–Өз арманына жетеді деп ойлайсыңдар ма?<br>–Арманға жету үшін жақсы оқып, спортпен айналысу керек. Яғни көп еңбектенген адам арманына жетеді.<br>–Ал сендер өскенде кім | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** -Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту<br>мәдениетті, сыпайы сөйлеуге тәрбиелеу.<br>Сюжеттік ойын: «Дүкен»<br>Балалар кезекпен дүкенге келеді. Педагог – сатушы.<br>Диалог үлгісі:<br>– Сәлеметсіз бе!<br>– Сәлеметсіз бе!<br>– Кесе беріңізші.<br>– Қандай кесе?<br>– Үлкен, екі жасыл кесе.<br>– Міне, кесе алыңыз.<br>– Рақмет. Сау болыңыз.<br>– Сау болыңыз.<br>Үлгі бойынша балалар кезекпен ойнайды | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру<br>Педагог «Мен ғарышкер боламын» өлеңін екінші рет қайталап оқиды.<br>– Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады?<br>Өлеңді эмоциямен 2-3 рет қайталайды, бірге жаттайды. Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын тәсілді қолданады. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады.<br>Дәптермен жұмыс:<br>1 Суретте не бейнеленген? Бала нені армандап тұр? Ойынды ортаға сал.<br>Сенің ғарышкер болғың келе ме?<br>Қандай ғарышкерлерді білесің?<br>2. Суретті бастырып сыз. Боя.<br>Педагог үзік сызықтарды қосып сыздырып, боятады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | болуды армандайсыңдар?<br>–Ол үшін сендер көп білім алып, оқуларың керек.<br>–Ал «Оқу – инемен құдық қазғандай». Педагог мақалды жаттап алуды ұсынады. | | |
| **3 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:** Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу Ғарыш, ғарышкер туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру. Балалардың сөздік қорларын байыту, 12-ші сәуір ғарышкерлер күні туралы түсінік беру, айналаны қоршаған орта жайында білімдерін кеңейту, үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. .<br><br>Сәуір айында қандай мереке бар, естеріңе түсіріңдерші?<br>- Иә, бұл сәуір айында үлкен мереке бар. Ол – ғарышкерлер күні деп аталады.<br>- Балалар аспаннан | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті -** Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру**.**<br>**Дидактикалық ойын: «Сиқырлы дорба», ішінде** азық түлік (суреттер нан, сүт, май) бар.<br>Сиқырлы дорбада не бар?<br>Балалар дорбадан таныс азық түлікті (нан, сүт, май) алады, атайды.<br>– Сиқырлы дорбаны көрейік, тағы не бар екен. Ол үшін дорбамызды сиқырлайық, дорба туралы жақсы сөздер айтыңдар:<br>Дорба әдемі, дорба жақсы.<br>1, 2, 3, 4, 5<br>5, 4, 3, 2, 1<br>Міне, дорба ашылды!<br>Педагог дорбаның екінші түбінен тағамдарды (суреттерді) алып, жаңа сөздермен таныстырады.<br>Мынау – ет.<br>– Мынау не? | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін қалыптастыру<br><br>Ғарышкер – аспан әлеміне ұшатын адамдар. Ғарышкер ғарышқа зымыранмен ұшады. Оны ғарышкеме деп атайды. Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді.<br>– Кім ғарышкер болғысы келеді?<br>– Қандай ғарышкерлерді білесіңдер?<br>Слайдтан қазақстандық ғарышкерлерді көрсетеді, атайды.<br>– Бүгін біз ақын Жақан Смақовтың «Мен ғарышкер боламын» өлеңімен танысамыз.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:** Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.<br>Балаларға Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Тұңғыш президент екені туралы әңгімелеу, түсіндіру.<br><br>Жарайсыңдар балалар! Ендеше бүгінгі сабағымызда Еліміздің тұңғыш президенті жайында айтамыз.<br>Тақтаға қарандаршы, мына суретте кім бейнеленген?<br>Балалар:<br>- Нұрсұлтан Назарбаев!<br>Тәрбиеші:<br>- Дұрыс, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.<br>Ал, балалар ол кім екенін білесіңдер ме? | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: -** Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу<br>40-30-20 см биіктіктегі арқандардың астынан өту, 20-30 см биіктіктегі арқанның үстінен секіріп өтудегі жоғары нәтижеге жету үшін ең тиімді жолдарын таңдай білуге үйрету.<br><br>40-30-20 см биіктіктегі арқанның астынан өту. Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілі таңдалады.<br>Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілін таңдай отырып, барлық білім-біліктерін қолдануға тырысады. Арқанды іліп кетпес үшін өз қимылын қадағалап, мүмкіндігінше жұмырланады. (3 рет). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | нелерді көруге болады?<br><br>Әңгімемізді бастамас бұрын, мен сендермен мамандықтар жайында әңгімелескім келеді.<br>Балалар, айтыңдаршы, сендер қандай мамандық түрлерін білесіңдер?<br>(балалардың жауабы ).<br>Тәрбиеші:<br>- Дұрыс айтасыңдар.<br>Мұғалім, дәрігер, құрылысшы, жүргізуші, өрт сөндіруші, дүкенші, шаштараз тағы басқа көп мамандар бар екен.<br>Әрбір мамандық адамзатқа өте қажет екен.<br>Мысалы: дәрігер-адамдарды емдейді, мұғалім-балаларды оқытады, жүргізуші – көліктер жүргізеді, өрт сөндіруші – өрт сөндіреді.<br>Ал бүгін біз сендермен тағы бір маман түрімен танысамыз – бұл ғарышкер<br>- Ғарышкерлер дегеніміз кімдер?<br>- Ғарышкерлер дегеніміз – олар ғарышқа, аспан әлеміне ұшатын адамдар<br>Ойын: «Жұлдызды аспан әлемін құрастыру»<br>Ойын шарты: балалардың алдына | – Мынау – ет.<br>– Мынау – жұмыртқа. Жұ-мырт-қа.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – жұмыртқа.<br>– Жұмыртқа – тағам.<br>– Жұмыртқа – ... (тағам)<br>– Мынау – ірімшік. І-рім-шік.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – ірімшік.<br>– Ірімшік дәмді.<br>– Ірімшік дәмді ме?<br>– Ірімшік дәмді.<br>– Ірімшік – тағам.<br>– Ірімшік не?<br>– Ірімшік – тағам.<br>– Мынау – қант.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – қант. | түрі екенін естеріне түсіру.<br>Өлең сөз адамның жан тебіренісін<br>әсерлі етіп жеткізеді.<br>Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Педагог өлеңді оқып, мазмұнын түсіндіреді, жаттатады.<br>Мен ғарышкер боламын<br>Аспан, аспан, арайлым,<br>Саған жиі қараймын.<br>Сені көзбен шоламын,<br>Мен ғарышкер боламын | Балалар:<br>Ол біздің президентіміз!<br>- Дұрыс, балалар! Ол Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті.<br>Мақсатына жету үшін алдағы, Әубастан-ақ, дұрыс жолды таңдады.<br>Сол азамат Нұрсұлтаның емес пе,<br>Орындаған бабалардың арманын<br><br>Күн өткен сайын құлпырып, Жайнадың гүлдей Астана, Елорда – менің Астанам,<br>Елорда-менің бас қалам | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аспанд аболатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу. Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б.<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс: «Зымыран құрастыру.<br>Әртүрлі геометриялық фигуралардан зымыран құрастыру. Зымыран туралы әңгімелеу. | | | | |
| **4 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **«Әдебиет орталығы»** **«Тату доспыз бәріміз»** тақырыбында сурет арқылы жұмыс жүргізу. Суретке қарап, әңгімелер құрайды.<br>Туыспыз біз бәріміз,<br>Бір Отанды сүйеміз.<br>Бақытты елде туған соң,<br>Бақытты өмір сүреміз!<br>Өнер орталығы: әр ұлт өкілдерінің суретін салады. | Д/ойын:<br>«Керісінше айт»<br>Мақсаты:<br>Балалардың сөздік қорына антоним сөздерін енгізу (жылы- суық, ыстық- суық, жарық -қараңғы және т.б.); айналаны қоршаған ортаны терең түсіне білу. | **«Бауырмал халық»**<br>**Боямақпен жұмыс.**<br>**Мақсаты**: Қазақ халқы бауырмал халық. Біздің елімізде тұрып жатқан орыс, корей, түрі т.б. халықтар біздің жерімізден жер беріп, жылы құшақпен қарсы алған.<br>Суретте берілген қазақ, орыс, өзбек, татар халқының ұлттық киімінің ерекшелігін айтып, сәйкес түспен бастырып, бояуды ұсынамын.<br>Бақытты елде туған соң,<br>Бақытты өмір сүреміз. | **Үстел- үсті ойын: «Пазлдарды құрастырамыз»**<br>**«Әрқашан күн сөнбесін!»**<br>**Мақсаты**:конструктор мен,есептеу таяқшаларымен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу. | **Д/ойын: «Достық»**<br>**Мақсаты**:<br>1 мамыр- Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу;<br>**Ынтымақ**тыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу. |

| Ертеңгілік жаттығу | Таңғы жаттығу кешені № 12 | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)** | Мнемосхемамен «Дос»туралы мақал-мәтелдер<br>Доссыз өмір-бос.<br>Жүз сомың болғанша, Жүз досың болсын. | «Достық үйін құрамыз»<br>Дөңгелене тұрамыз,<br>Керегені құрамыз.<br>Уықтар боп иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп,<br>Достық үйін құрамыз. | «Болмасын еш тосқауыл»<br>Жақсылыққа, бақытқа,<br>Талпынған әр уақытта.<br>Бала біткен дос, бауыр,<br>Болмасын еш тосқауыл. | «Күлімде, Күн, күлімде»<br>Күлімде, Күн, күлімде,<br>Күлсін барлық бала шат!<br>Берекелі бүгіндей<br>Бейбіт болсын болашақ. | «Ағайынбыз бәріміз!»<br>Ақпыз, қара, сарымыз,<br>Ағайынбыз бәріміз.<br>Ортақ болсын асар тау,<br>Жеміс толы бақша- бау.<br>Болсын жер мен су ортақ,<br>Болсын бізге ну ортақ.<br>Ақпыз, қара, сарымыз,<br>Ағайынбыз бәріміз! |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:**Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру<br>Балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу<br>Дидактикалық ойын: «Таңдап ал да, дауысын сал».<br>Ойын шарты: Дәптер бойынша орындалады.<br>Дәптердегі тапсырма орындалады.Үй жануарларының суретін таңдап алып, дауысын салып береді | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру<br>**С**ызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру.<br>Педагог: Балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет.<br>Мысалы: киімдер, гүлдер, сандар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға | **Математика негіздері**<br>**Міндеті**: Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту<br>алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.<br><br>Суретке қарап есептер құрастырып, мысалдар жазыңдар. | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті :** Дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру.<br>**Дидактикалық ойын: «Қағып ал»**<br>– Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар<br>Мысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), bббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), қққарға(қ), | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** -Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.<br>Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы<br>сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру<br>Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра»<br>– Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек.<br>Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-<br>тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нак, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бөлген балаға жұлдызша беріліп отырады). Жұлдызшаны санау арқылы жеңімпаз анықталады. | | сссазан(с), шшшахмат(ш), тттау(т), кккерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), тттүйе(т), мммандарин(м), қққобыз(қ), сссандық(с), тттекемет(т), еeер(е), үүүзеңгі(ү), ааарба(а) т**...** | мек-теп, шал-қан, зымыран, тек-ше, теле-фон, жұлдыз, қо-раз, қо-быз, қылқалам т.б.<br>– Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді<br>көресіңдер? Айтып беріңдерші |
| **2 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Математика негіздері**<br>Міндеті: Алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту<br>алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.осыған дейін не үйренгенімізді еске түсіреміз. Білімдерімізді жүйелеп көрсетеміз.<br>Балалар жарысқа деген қызығушылықтарын көрсетеді. Топтарға бөлінеді: біріінші команда Әлияның командасы, екінші команда Сырымдікі тапсырма.<br>Тақтадағы нүктелері бар жұпты – шаршылар карточкаларын қараңдар.<br>Карточкаларды қарайды жұптасу жолын анықтайды, соңғы карточканы толықтырады.<br>– Тақтадағы фишкаларға қараңдар.<br>– Олардың ұқсастығы қандай? | **Математика негіздері**<br>Міндеті 10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту : алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.<br>Топтар хормен тура және кері санайды. Бір санды аттап санайды. Балалар дауыстап тура және кері санайды, топтар бір саннан аттап санайды<br><br>Суретті қараңдар. Неше пішін? Оларды атаңдар. Пішіндерді қарайды, шаршы екенін анықтап, санайды. | **Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеті: -Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту<br>Таңдаған ертегіні сахналау | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті:** Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру,-<br>ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін, сөздерін мәнерлеп жеткізе білуге үйрету<br>Балалар, аналарың нанды қайдан алады? Дүкенге нан қайдан келеді білесіңдер ме?<br>Педагог «Нан қайдан шығады?» (М. Етекбаев) ертегісін балаларға ұсынады.<br>Иллюстрациялар көрсетіле отырып, ертегі оқылады.<br>Ертегі не туралы?<br>Жаңа сөздермен таныстыру.<br>– Мынау – сатушы. Са-тушы.<br>– Мынау кім?<br>– Мынау – сатушы.<br>– Сатушы нан сатады. | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру<br>Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?<br>Атасы мен немересі не туралы сөйлесіп отыр?<br>Жайлаудан қандай жануарларды көріп тұрсың? Ата.<br>2. Не артық? Қоршап сыз.<br>3. Киіз үйдің суретін сал.<br>4. Жұмбақты шеш.<br>Ұқсайтын шеңберге<br>Қабырғасы жиылып, керіледі.<br>Жиһазы мол кең бөлме,<br>Төбесінен жұлдыздар көрінеді. (Киіз үй) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – Айырмашылығы неде?<br>– Соңғы карточканы толықтыр.<br>Балалар карточкаларды қарайды, жұптастыру принципін анықтайды, соңғы суретті салады: біріншісінде - бір нүкте, екіншісінде - 6 нүкте | | | – Сатушы не істейді?<br>– Сатушы нан сатады.<br>– Мынау наубайшы. Нау – бай - шы.<br>– Мынау кім?<br>– Мынау – наубайшы.<br>– Наубайшы нан пісіреді.<br>– Наубайшы не пісіреді?<br>– Наубайшы нан пісіреді.<br>– Мынау – бидай.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – бидай.<br>– Мынау – диірменші.<br>– Мынау кім?<br>– Мынау – диірменші.<br>– Диірменші бидайдан ұн жасайды.<br>– Диірменші бидайдан не жасайды?<br>– Диірменші бидайдан ұн жасайды.<br>– Мынау – ұн. | |
| **3 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:**Тірі және өлі табиғаттың маңыздылығын түсіну<br>Балалардың «Өлі және тірі табиғат» тақырыбында білімдерін тереңдету, қоршаған орта жайлы танымдық әрекет шындау.<br>Балалардың ақыл — ойын, түсінігін, білімін, табиғат туралы білімін, қызығушылығын зейінін дамыту. | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті -** Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыр<br>сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру,<br><br>Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі.<br>– Балалар бұл ненің даусы? Мәтін оқу. «Адам | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы<br>түсінігін қалыптастыру<br><br>Киіз үйді, киіз үй ішіндегі жиһаздардың, киіз, текемет суреттерін көрсету.<br>– Суреттен не көріп тұрсыңдар? | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:** Өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы бақылау<br>Балаларға қоршаған ортадағы тірі және өлі табиғат туралы түсінік беру. Олардың бір-бірімен байланысы жайлы мағлұмат беру, танымдық | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: - -**<br>Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру<br>Гимнастикалық баспалдаққа өрмелеп, сатыдан-сатыға ауысу дағдыларын дамыту<br><br>Гимнастикалық қабырғаға қиғаш өрмелеу. Қол мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | .<br>Табиғат ананың хаты<br>Сәлеметсіз бе балалар! Мені барлық балалар жақсы біледі. Балалар осы «Өлі және тірі табиғатты» жайлы айтып беріңдерші, оларды зерттеп, санап, түрлерін атап, «Өлі және тірі табиғатты» жайлы қызықты ертегі әңгімелеп беріңдерші.<br>– Ал, балалар Табиғат ананың тапсырмасын орындаймызба?<br>Тәжірибе: Ыдыстағы құмды ұлғайтқыш әйнекпен қарау. Ұсақ бір — біріне жабыспайды. Ыдыстағы құмның жел тұрғанда ұшуы. Сок ішуге арналған түтікшемен құмды үрлеу, жеңіл, жел тұрса ұшады. Ыдыстағы құмға су құю. Ыдыстағы құмға, су құйса балшыққа айналады. Тасты бақылау. Су құйса да жылтырап жата береді, түрі түсі өзгермейді, майдаланып балшыққа айналмайды, жел үрлесе де қозғалмайды. Ауыр зат. (Балалардың тәжірибе жасауы)<br>3) Ойын — ойнау, «Құм, тас, су. Басы «құм» дегенде әр жерде шашыраңқы болып отыру. «Тас»дегенде өз қолымен мүсін жасап тұра қалу, «су» дегенде толқын жасап қозғалу». (Балалар қимылмен көрсетеді)<br>Табиғат туралы мақал — | жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, ит, мысықты күтіп-баптап өсіреді. Сол үшін үй жануарлары деп аталады. Үй жануарлары адамға көп пайда келтіреді. Жылқы – көлік, оны арба мен шанаға жегеді. Жылқының сүтін ашытып, қымыз жасайды. Қымыз – сусын. Сиыр, қой, түйе, ешкінің сүті мен еті – тамақ. Қой, түйе, ешкі жүнінен киім және тағы да басқа тұрмыстық заттар жасалады». – Мәтінде қандай таныс сөздер бар? – Қой, түйе, сиыр, ешкі, жылқы. – Үй жануарларының пайдасы қандай? – Үй жануарларының еті мен сүті бізге тамақ болады. Жүнінен киім т.б. заттар жасалады. – Адамдар үй жануарларын қалай күтеді? – Адамдар қойға, түйеге, сиырға, ешкіге, жылқыға шөп, су береді | – Бүгін қазақ халқының ежелгі баспанасы – киіз үй туралы әңгімелейміз. Киіз үй – ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұра. Киіз үй көшіп-қонып жүргенге өте қолайлы. Киіз үй тегіс, су баспайтын құрғақ жерге тігіледі. Қыста жылы, жазда салқын. Үйдің<br>жабулары киізден жасалғандықтан, «киіз үй» деп атаған.<br>– Бүгін біз ақын Қастек Баянбайдың «Киіз үй» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі. Айырықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог өлеңді мәнерлеп оқып береді<br>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:<br>– Өлең саған ұнады ма?<br>– Авторы кім?<br>– Өлең қалай аталады?<br>– Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Киіз үйдің пішіні қандай?<br>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:<br>– Өлең саған ұнады ма?<br>– Авторы кім?<br>– Өлең қалай аталады?<br>– Өлеңде не туралы | әрекетін шыңда<br><br>(Ыдысқа пияз отырғызу)<br>Пияз туралы балаларға түсінік беремін.<br>Біздің табиғат бұрышында көптеген әдемі, әсем гүлдер өсіп тұр бірақ соның ішінде денсаулыққа пайдалы пияз жоқ, сондықтан біз бүгін сендермен ыдысқа пиязды отырғызамыз деп, балаларға пиязды егу тәсілін көрсетемін.<br>Ең алдыменен мына ыдысқа жер саламыз, одан кейін пиязды саламыз да, жермен жабамыз. Енді су құямыз, осы кезде1-2 баланы пиязды егуге шақырамын.<br>Көрдіңдер ме балалар, тірі табиғат өлі табиғатсыз өспейді. 1-2 бала шығып пияз егуге көмектеседі.<br>Біздің пиязымыз өсу үшін не керек екен?<br>Енді еккен пиязымызды терезенің алдына қойып, күнде кезекпен суғарып, өсуін бақылып отырамыз.<br>Өздерін бағалау Су, жер керек.<br>Балалар, мына шырша жай тұрған жоқ?<br>Балалар сендердің алдарында жұлдызша және дөңгелек пішіндер тұр.<br>Бүгін сабаққа өте жақсы | аяқтың қимылын үйлестіру. Гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеп, төмен қарай қиғаш түсу.<br>Қолмен сатылардан ұстап алып отырады. Сосын аяқтарын сатыларға қояды. Қолды дұрыс қойып ұстау. Төрт саусақты үстінен, бас бармақты астынан қойып ұстайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мәтелдер:<br>Таза болса табиғат<br>Аман болар адамзат.<br>Туған жердің суы тәтті<br>Топырағы да ыстық | | айтылған?<br>– Киіз үйдің пішіні қандай? | белсенді қатыстым деген бала жұлдызшаны, ал орташа қатыстым деген бала дөңгелекті шыршаға іледі. Қане балалар өздеріңді бағалап көріңдерші,- деймін. Балалар тақтада ілініп тұрған шыршаға не жұлдызшаны болмаса дөңгелекті алып іледі.<br>Қараңдаршы балалар, шыршамыз қандай әдемі болды, деймін де сұрақ – жауап арқылы оқу іс-әрекетін қортындылаймын. | |
| **4 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті**:. -3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).<br>- Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету<br><br>**Баскетбол себетіне доп лақтыру.**<br>Допты кеуде деңгейінде ұстап, балалар қолдарын өзіне қарай төмен айналдырып, сосын түзете жазып жоғары көтереді де, қолының басы мен саусақтарын ашып, итерген қимыл жасайды.<br>Доптан көзін алмай, | **Музыка**<br>**Міндеті: -** Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту<br>Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.**:**<br><br>Музыка тыңдау:<br>«Көкек» (Х. Мұхамедова)<br>Ән айту:<br>«Көктем» (А. Жайымов)<br>«Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Құстар» (Т. Ломова)<br>Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: -** Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет);<br>Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету<br><br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұзақ»<br>Ойыншылар бірінің | **Музыка**<br>**Міндеті** - Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру<br>Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br><br>Музыка тыңдау:<br>«Көкек» (Х. Мұхамедова)<br>Ән айту:<br>«Көктем» (А. Жайымов)<br>«Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: | **Жапсыру**<br>**Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>**Міндеті: -** - күрделі пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білуге үйрету, әуе ұшақтары, аспан планеталары туралы білімдерін жетілдіру<br>**--** Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау<br>-Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шынтақтарын екі жаққа жібермей, жинап ұстайды. Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады. Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді. Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек. Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады**.** | жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар: «Не қалай шақырады?» (Музыкалық-дидактикалық ойын)<br>Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников) | ішінде бірі орналасқан екі шеңберге тұрады. Екі шеңбер екі бағытта қозғалады. Бастаушының белгісімен екі шеңбер бір уақытта тоқтап, ішкі шеңбердегі балалар қолдарын жоғары көтеріп, «қақпа» жасайды. Сыртқы шеңбердегі балалар «қақпадан» бір кіріп, бір шығып жүреді. Бастаушы тағы белгі бергенде ішкі шеңбер «қақпаны» күрт жабады да, шеңбер ішінде қалып қойған балалар тұзаққа түседі. Олар енді ішкі шеңберге қосылады. Ойын осылайша жалғаса береді.<br>Өзін-өзі уқалау: «Балақан, қандай жақсы алақан!» | «Құстар» (Т. Ломова)<br>Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар: «Не қалай шақырады?» (Музыкалық-дидактикалық ойын)<br>Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников) | бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию<br>-Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу **–ұ**шақ суретін салуүмүсіндеу,жапсыру,құрастыру<br><br>Топтық жұмыс |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |

| Серуен | Сәуір<br>Серуен-Бақылау №18<br>**Бақылау: Бақбақ гүлін бақылау**<br>***Мақсаты:*** *бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау*(гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару );<br>— табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру;<br>— емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау.<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз.***<br>*Аппақ, аппақ бақбақтар,*<br>*Үлбіреген бақбақтар,*<br>*Құдды киіз ақ үйлер.*<br>*Парашюттен аумайды.*<br>*Төнеді кеп жан-жақтан,*<br>*Сәл-пәл самал жел соқса,*<br>*Тамашалап сәбилер.*<br>*Ақ ұлпалар заулайды.*<br>*Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы.*<br>*Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі.* Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында | Сәуір<br>Серуен-Бақылау №19<br>**Бақылау: Жолжелкенді бақылау**<br>***Мақсаты****:емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Тәрбиеші әңгімесі***<br>*-Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі.*<br>*Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяқкиімге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде* | Сәуір<br>Серуен-Бақылау №20<br>**Бақылау: Жәндіктерді бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>*«Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;*<br>— Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.<br>***Бақылау барысы***<br>***Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:***<br>*Гүлдің нәрін жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды.<br>Бұл не? (ара)<br>*Қанды сорып сүліктей,<br>Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл қандай бүлік дой? (маса)<br>*Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттіге тамсанып,<br>Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын)<br>*Құжынаған жұмыскер,<br>Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)<br>*Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бірақ киім тікпейді.<br>Өнері де өнер-ақ,<br>Бірақ ісі бітпейді. | Сәуір<br>Серуен-Бақылау №21<br>**Бақылау:Ауа-райын бақылау**<br>***Мақсаты:****Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз.*** *А.Меңдібай*<br>*Мамыр айы келгенде,*<br>*Дала гүлге толады.*<br>*Жайнап барлық атырап,*<br>*Қызық-думан болады.*<br>*Бақшамызда біз еккен,*<br>*Гүл шоқтары гүлдейді.*<br>*Жапырақтар сыбдырлап,*<br>*«Қандай көркем, көр»-дейді.*<br>Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді.<br>♦ Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем).<br>♦ *Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)*<br>♦ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? *(күн жылығандықтан)* | Сәуір<br>Серуен-Бақылау №22<br>**Бақылау:Гүлзарды бақылау**<br>***Мақсаты:***<br>— Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;<br>— Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;<br>— Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді<br>♦ Қандай үй гүлдерін білесіңдер?<br>♦ Қандай дала гүлдерін білесіңдер?<br>♦ Олардың қандай айырмашылығы бар?<br>♦ Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?<br>♦ Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай?<br>♦ Оларды қалай күтесіңдер?<br>♦ Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?<br>♦ Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады?<br>♦ Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек?<br>♦ Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа үлпілдек «парашюттерге» ай-налады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай. Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек.<br>Балаларға сұрақтар.<br>♦ Бақбақ гүлінің түрі қандай??<br>♦ Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді?<br>♦ Бақбақтың қандай лақап аттары бар?<br>♦ Бақбақты неге дәрілік | *кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиқанға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаншуға, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады.*<br>*Балаларға сұрақтар:*<br>♦ Мамыр айын халықта қалай атайды? *(шешек айы)*<br>♦ Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? *(күннің көзі көп түскен жерде бар)*<br>♦ Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын)<br>♦ Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? *(олар бұрынғыдан да жасылдана түседі)*<br>♦ Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталады? *(жолжелкен)*<br>♦ Оны неге олай атаған?<br>♦Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Лупа арқылы жолжелкен жапырақтарын қарау, ерекшеліктерін табу. Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылық-тары мен ұқсастықтарын айыру.<br>**Еңбек:** Ойын алаңын тазалау. | (өрмекші)<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)<br>♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? *(көбелек, құрт т.б)*<br>♦ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)<br>♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)<br>♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)*<br>♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырсқа).*<br>♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)<br>♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)<br>**♦ Зерттеу жұмысы** | ♦ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем)<br>♦ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады)<br>♦ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк)<br>♦ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр).<br>♦ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді?<br>♦ Жаңбыр қандай температурада жауады?<br>♦ Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды).<br>**Еңбек**<br>Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу.<br>*Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.* | болмайды?<br>♦ Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?<br>**Еңбек**<br>Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту).<br>*Мақсаты:*<br>— Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;<br>— Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өсімдік дейміз?<br>**Зерттеу жұмыс:** Бақбақтың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау.<br>**Еңбек.** Гүл егілген алаң айналасын тазалау.<br>Мақсаты:Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. | *Мақсаты:* бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | Қанқызын тауып, оның атын атау.<br>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.<br>**Еңбек:** Алаңды қоқыстардан тазалау.<br>*Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.* | | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Көктем мезгілінің белгілерін үйрету | Мақал-мәтел:<br>Дана көптен, дәрі шөптен.<br>Құнарлы шөп, қосымша сүт | Кһутем киім үлгілерін білуге үйрету | Көктем мезгіліндегі адам еңбегімен таныстыру | Көктем мезгіліндегі ауа райы құбылыстары жайлы бачндауға үйрету |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)** | Қимылды ойын «Өз гүліңді тап».<br>Мақсаты:<br>— түстерді айыра білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету.<br>Жаттығу ойыны.<br>Қимылдарын дамыту<br>Мақсаты:<br>- Қимыл белсенділіктерін арттыру;<br>Ұзындыққа секіруге жаттықтыру. | Қимылды ойын: «Бәйге».<br>Мақсаты: жеңіске деген құштарлықтарын арттыру, жылдамдықтарын дамыту.<br>Жаттығу ойыны: Дыбыстар арқылы жүру<br>Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай қимыл жасау. | Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».<br>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.<br>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.<br>Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік | Қимылды ойын «Үшінші артық».<br>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу.<br>Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты:<br>—Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; | **Қимылды ойын** «Қай топ тез жиналады?».<br>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру.<br>Жаттығу ойыны «Құлап қалма».<br>Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.<br>Мақал-мәтел:<br>- Әр гүлдің иісі әр басқа.<br>-Гүл-араға, бал-балаға.<br>Қызыл гүл көзге алыстан шалынар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | болса, қыс ұзақ әрі қатты болады | —Қозғалыс координацияларын сақтау;<br>Мақал-мәтел<br>-Сәуір айы-су айы,<br>Мамыр айы- гүл айы.<br>-Көктемгі жауын артық болмас. | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Ата –аналарға кеңес**<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | **Ата –аналарға кеңес**<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | **Ата –аналарға кеңес**<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | **Ата –аналарға кеңес**<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | **Ата –аналарға кеңес**<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

*Тексерілді:*

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№74 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ
**Мектепалды «А» сыныбы**
**Балалардың жасы 5 жас**
***Жоспардың құрылу кезеңі*** : 01-05 сәуір, 2022-2023 оқу жылы

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты **-** жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдеріменкеңес ,әңгімелесу** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | . **Ата-аналармен әңгіме:**Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Ойын – жаттығу:** «Мен батырмын»; Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. | **Сюжетті-рөлдік ойын:** «Ел қорғауға әзірмін»; Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар. | . **Ойын – жаттығу:** «Мен батырмын»; Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. | **Ойын** «Кімнің үйі?» Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б. | ***Үстел үсті ойындары Мозайка құрастыру*** Әскери техника туралы суреттер топтамасын қарастыру. «Батылдық пен қорқақтық дегеніміз не» тақырыбында әңгімелесу *Ұқсай ма, ұқсамай ма Балаларды заттарды салыстыруға, түс, түр, көлем, материалының ұқсастығын атауға үйрету; байқампаздық, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Таңғы жаттығу кешені № 13** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)** | **Ел қорғайтын, ер ағалар»**<br>Ел қорғайтын, ер ағалар,<br>Ардағымыз, арымыз.<br>Ерлер тойын, елдің тойын,<br>Қарсы аламыз бәріміз! | **«Отан»**<br>**Отан** - тарих, **Отан** - тіл,<br>Жасаған елің, ер халқың.<br>**Отан** - өлең, **Отан** - жыр,<br>Көтерген көкке ел даңқын...<br>**Отан** осы, достарым,<br>Көңілге мұны түйе біл.<br>«**Отан**» деп өс, жас қауым,<br>Оны ардақтап, сүйе біл. | **«Ертеңгі ел қорғаны – мен болам!»**<br>Жүреміз даңқты жолдармен,<br>Қырандар бірге самғаған.<br>Әзірге титтай болғанмен<br>Ертеңгі ел қорғаны – мен болам! | **«Ертеңгі ел қорғаны – мен болам!»**<br>Жүреміз даңқты жолдармен,<br>Қырандар бірге самғаған.<br>Әзірге титтай болғанмен<br>Ертеңгі ел қорғаны – мен болам! | **«Отан қорғаушылар дегеніміз кімдер?»**<br>Балаларға 7 – мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесін сезіндіру.<br>*Қаламыздағы полиция қызметкерлері жайлы сөйлесу олардың суреттерін тамашалау* |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:**<br>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру **(кірікт.01.05)**<br>**-** Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру<br>Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету<br><br>Педагог: "Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш" әңгімесін оқып береді.<br>Атасы мен баласы далада келе жатып, атасы баласынан сұрайды:<br>–Анау өрмекшіні көрдің бе?<br>Бала:<br>–Көрдім, өрмек тоқып жүр. | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:**Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыр алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау.<br>Дидактикалық ойын: «Досыңды шақыр»<br>– Балалар, көздеріңді жұмып, мына жағдайды елестетіңдер. Орманда досыңнан адасып қалдың. Сендер бір-біріңді табу үшін, не істер едіңдер? (Досымыздың атын атап шақырамыз).<br>Мысалы: (Дастаааан! Серікбоооол! Айганыыыым! Айшаааа! Ернааар! Балжаааан!<br>Ардаааақ! Санжааар! | **Математика негіздері**<br>**Міндеті**: Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту<br>алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.<br><br>Суретке қарап есептер құрастырып, мысалдар жазыңдар. | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** -Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыр<br>алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау.<br>Дидактикалық жаттығу: «Қайсысы дұрыс?»<br>– Балалар, мен бір дыбысын анығырақ созып, қандай да бір сөзді айтамын, ал сендер тура солай қайталаңдар. Қалай айту керек, қайсысы дұрыс екенін анықтаймыз.<br>Мысалы: ааалжапқыш- | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру**.**<br>Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра»<br>– Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек.<br>Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ата:<br>–Анау құмырсқаны көрдің бе? Бала:<br>–Көрдім, аузында наның ұнтағы бар, кетіп барады. Ата:<br>–Жоғары қара, аспанда не көрінеді? Бала:<br>–Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында тістеген шөбі бар, – дейді. Сонда атасы былай дейді:<br>–Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер – саған үлгі. Өрмекші маса мен шыбынды тұзақ құрып ұстаған соң, өзіне азық етеді. Құмырсқа балаларына тамақ алып бара жатыр. Қарлығаш балапандарына ұя салу үшін шөп жинап жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сен де жұмыс істеуге әдеттенуің керек.<br>–Балалар, әңгіме сендерге ұнады ма?<br>–Әңгіме не туралы айтылған?<br>–Әңгімедегі кейіпкерлер қандай екен?<br>–Енді осы әңгімені келген қонақтар бізге сахналап берсін.( Қонақтар сахналап айтып береді).<br>–Балалар сендер буынға бөле аласыңдар. Әңгімедегі өрмекші, құмырсқа, қарлығаш сөздерін буынға бөліңдерші?<br>–Неше буыннан тұрады?<br>–Иә, дұрыс айтасыңдар. Бір дауысты дыбыс бір буынды құрайды. Ата, бала, құмырсқа, | Беріііік! Мерееееей! т.б. )<br>– Балалар, сендер достарыңды шақырғанда, қай буынды созып айттыңдар? Дұрыс, ең соңғы буынды созып айттыңдар | | алжапқыыыш, бааағдаршам-бағдаршааам, дәәәріхана-дәріханааа, қооойылым-қойылыыым, ААалпамыс-Алпамыыыс, шааапалақ-шапалааақ, жааапырақ-жапалааақ, дооомбыра-домбыраaa, қоообыз- қобыыыз, жааааалбыз- жалбыыыз, қааасық-қасыыық, жаааарғанат-жарғанааат, жыыылқы-жылқыыы, тееекше-текшеее, бааалапан- балапааан, бооootақан-ботақааан, көөөөзілдірік - көзілдіріік, жааааапырақ-жапыраааақ , көөөрпе-көрпеее т.б | мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б.<br>– Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші?**К** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өрмекші, қарлығаш дегеннің бәрі – сөздер. Сөз буыннан тұрады.<br>–Педагог әңгіме мазмұнын балалардан сұрайды | | | | |
| **2 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Математика негіздері**<br>**Міндеті** - Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру.<br>**1-тапсырманы** орындауды ұсынады, саны бірдей заттар тобын тауып, сызып қосады. Санын жазады.<br>Педагог сұрайды:<br>- Сол жақ жоғары суретке гүл жасау үшін, мозаиканың қанша түрлі-түсті бөлшектері қажет болды? (8)<br>- Оң жақ төменгі суретте қанша мозаика бөлшектері бар? (8)<br>- Осындай санды тауып, оны ұяшыққа жапсырыңыз. Осы екі суретті сызықпен қосыңыз. Мозаика бөлшектерінің саны туралы не айтуға болады? (саны тең)<br>- Екінші қатардағы сол жақ суреттегі пазлдарды санаңыз. Олардың саны қанша? (7)<br>- Пазлдары бар тағы сурет бар ма? Онда қанша бөлік бар? (4) | **Математика негіздері**<br>**Міндеті: -** Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру.<br>Ойын жаттығуы: «Сана»<br>Педагог цифрлар және теңдік таңбасы бейнеленген карточкаларды, сондай-ақ нүктелер және сандық суреттер бейнеленген карточкаларды таратады. Бес нүкте бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. Бес зат бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды.<br>– Осы карточкалар туралы не айтуға болады?<br>– Нүктелер санын, суреттегі заттардың санын белгілейтін карточканы салыңдар. Қандай цифрларды алдыңдар? Олар бірдей ме? Демек, 5=5, яғни нүктелер саны карточкада бейнеленген заттар санына тең деп айтуға болады. Нүктелер және заттар | -<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеті: **-** Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту<br>Таңдаған ертегіні сахналау | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті -** Кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беру<br>**(кірікт. 01.05)**<br>-Шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айту сөздік қорларын үй құстарының атауларымен толықтыру.<br>Жылжымалы суреттермен ойын: «Аулада». Жаңа сөздермен таныстыру.<br>– Балалар, мынау – аула.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – аула.<br>– Мынау – ... (аула сөзін айтып жаттығады).<br>– Аулада не болуы мүмкін?<br>Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі.<br>Балалар дауысы бойынша жануарды атап, суретін аулаға | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті.** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>еліміздегі ұлт өкілдерінің мәдениеті туралы түсінігін қалыптастыру<br>Жаттап ал.<br>Бақытты елде туғанбыз,<br>Бақытты өмір сүреміз.<br>Педагог сөздің мазмұнын түсіндіреді.<br>– Сендер Тәуелсіз Қазақстанның бақытты баласысыңдар. Елімізде бейбітшілік, сендердің ұйқыларың тыныш, отбасыларың аман, көршілермен тату тұрасыңдар.<br>Бақытты өмір сүру деген – осы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бейнеленген карточкаларды алады. Нүктелер саны суретте бейнеленген заттардың санына тең екенін айтады.<br>«=» белгісін қоюға болады. | | орналастырады. Аулада сиыр бар. т.с.с.<br>Педагог үй құстарын (тауық, әтеш) естеріне түсіреді. Мынау не? Аулада тауық (әтеш) бар. Құстардың суреттерін аулаға орналастырады<br>– Мынау – қаз. Қаз – үй құсы.<br>– Мынау – ... (қаз).<br>– Қаз қандай құс?<br>– Қаз – үй құсы.<br>– Аулада қаз бар.<br>– Аулада не бар?<br>– Аулада қаз бар.<br>– Мынау – үйрек. Үй-рек.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – үйрек.<br>– Үйрек – үй құсы.<br>– Үйрек қандай құс?<br>– Үйрек – үй құсы.<br>– Аулада үйрек бар.<br>Мынау – аула. Аулада үй жануарлары бар. Олар сиыр, қой, жалқы, ит, мысық. Аулада үй құстары да бар: әтеш, тауық, қаз, үйрек, күркетауық. Адам үй жануарларға және құстарға шөп, жем береді.<br>Балалар мәтінді қайталайды | |
| **3 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:** -Мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту (**кірікт.01.05)**<br>-Мемлекеттік мереке Қазақстан халқының бірлігі мерекесі маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу<br>Қазақстан халықтарының бірлігі мен достығы туралы түсінік беру. Елімізді мекендейтін басқа ұлт өкілдеріне сыйластықпен, салт-дәстүріне құрметпен қарай,а тәрбиелеу. Өз Отаның сүюге, табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br><br>1 Мамыр – Халықтар бірлігі күні екендігін айтып түсіндіреді. Балалар қазақ халқының ұлттық киімдері, тағамдары, ойындары туралы сұрай отырып, басқа да ұлт өкілдерінің өздеріне тән салт-дәстүрлері мен ұлттық тағамдары, киімдері мен ойындары болатындығы туралы ақпарат береді.<br>-«Басқа ұлт өкілдері» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>-Сендер қандай ұлттың | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті -** Кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беру<br>**(кірікт. 01.05)**<br>-Шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айту<br>сөздік қорларын үй құстарының атауларымен толықтыру.<br>Жылжымалы суреттермен ойын: «Аулада». Жаңа сөздермен таныстыру.<br>– Балалар, мынау – аула.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – аула.<br>– Мынау – ... (аула сөзін айтып жаттығады).<br>– Аулада не болуы мүмкін? Үнтаспадан жануарлардың дауыстары естіледі. Балалар дауысы бойынша жануарды атап, суретін аулаға орналастырады. Аулада сиыр бар. т.с.с.<br>Педагог үй құстарын (тауық, әтеш) естеріне түсіреді.<br>Мынау не?<br>Аулада тауық (әтеш) бар.<br>Құстардың суреттерін аулаға орналастырады<br>– Мынау – қаз. Қаз – үй құсы.<br>– Мынау – ... (қаз).<br>– Қаз қандай құс?<br>– Қаз – үй құсы.<br>– Аулада қаз бар.<br>– Аулада не бар? | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру<br><br>Киіз үйді, киіз үй ішіндегі жиһаздардың, киіз, текемет суреттерін көрсету.<br>– Суреттен не көріп тұрсыңдар?<br>– Бүгін қазақ халқының ежелгі баспанасы – киіз үй туралы әңгімелейміз. Киіз үй –<br>ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұра. Киіз үй көшіп-қонып жүргенге өте қолайлы. Киіз үй тегіс, су баспайтын құрғақ жерге тігіледі. Қыста жылы, жазда салқын. Үйдің жабулары киізден жасалғандықтан, «киіз үй» деп атаған.<br>– Бүгін біз ақын Қастек Баянбайдың «Киіз үй» өлеңімен танысамыз.<br>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі. Айырықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді.<br>Педагог өлеңді мәнерлеп оқып береді<br>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:** -Мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту (**кірікт.01.05)**<br>-Мемлекеттік мереке Қазақстан халқының бірлігі мерекесі маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу<br>Қазақстан халықтарының бірлігі мен достығы туралы түсінік беру. Елімізді мекендейтін басқа ұлт өкілдеріне сыйластықпен, салт-дәстүріне құрметпен қарай,а тәрбиелеу. Өз Отаның сүюге, табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>1 Мамыр – Халықтар бірлігі күні екендігін айтып түсіндіреді. Балалар қазақ халқының ұлттық киімдері, тағамдары, ойындары туралы сұрай отырып, басқа да ұлт өкілдерінің өздеріне тән салт-дәстүрлері мен ұлттық тағамдары, киімдері мен ойындары болатындығы туралы ақпарат береді.<br>-«Басқа ұлт өкілдері» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>-Сендер қандай ұлттың өкілдерін білесіңдер? | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**Гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).(кірік.01.05)<br>отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет),<br>Қимыл әрекеттерді еркін орындауға, қалашықты ұратын таяқтың жер бауырлап ұшуына екпін беруге үйрету. Допты бір-біріне басынан асырып лақтыру, бір-біріне жоғарыдан алдыға қарай шұғыл лақтыруды жалғастыру<br><br>«Баскетбол»<br>Допты бір-біріне кеудеден лақтырып беру. Нұсқау – допты қағып алғанда мұқият болу керек, допты ұшып келе жатқанда көздеп, арақашықтықты тез мөлшерлеп, қажетті жаққа қозғалып, қағып алуға дайын тұру. Бір-бірінен 3 м қашықтыққа сап түзейді.<br>Бастапқы қалыпқа дұрыс тұрады.<br>Допты екі қолмен лақтырады. Лақтырған кезде қолдарын кеуде тұсында ұстап, шапшаң түзулеп, жоғары-алға траекториясымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өкілдерін білесіңдер?<br>-Сендердің достарынның арасында басқа ұлттың балалары бар ма?<br>-«Дос» сөзін қалай түсінесіңдер?<br>«Достық мектебі» ойыны.<br>Шарты: Арқанның үстінен достарының атын атап «Достық мектебіне» барады.<br>Көпірден біз өтеміз,<br>Достық мектебіне жетеміз.<br>Көпірден өткін ақырын,<br>Айт, досыңның аты кім?<br>Көпірден түгел өттік біз,<br>Достық  мектебіне жеттік біз.<br>Балалар достарынның атвн атап, көпірден өтеді. | – Аулада қаз бар.<br>– Мынау – үйрек. Үй-рек.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – үйрек.<br>– Үйрек – үй құсы.<br>– Үйрек қандай құс?<br>– Үйрек – үй құсы.<br>– Аулада үйрек бар.<br>Мынау – аула. Аулада үй жануарлары бар. Олар сиыр, қой, жалқы, ит, мысық.<br>Аулада үй құстары да бар: әтеш, тауық, қаз, үйрек, күркетауық. Адам үй жануарларға және құстарға шөп, жем береді.<br>Балалар мәтінді қайталайды | – Өлең саған ұнады ма?<br>– Авторы кім?<br>– Өлең қалай аталады?<br>– Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Киіз үйдің пішіні қандай?<br>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:<br>– Өлең саған ұнады ма?<br>– Авторы кім?<br>– Өлең қалай аталады?<br>– Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Киіз үйдің пішіні қандай? | -Сендердің достарынның арасында басқа ұлттың балалары бар ма?<br>-«Дос» сөзін қалай түсінесіңдер?<br>«Достық мектебі» ойыны.<br>Шарты: Арқанның үстінен достарының атын атап «Достық мектебіне» барады.<br>Көпірден біз өтеміз,<br>Достық мектебіне жетеміз.<br>Көпірден өткін ақырын,<br>Айт, досыңның аты кім?<br>Көпірден түгел өттік біз,<br>Достық  мектебіне жеттік біз.<br>Балалар достарынның атвн атап, көпірден өтеді. | жұбына береді.<br><br>«Гимнастика»<br>Тепе-теңдік сақтау – гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүру.<br>Жоғары көтерілген нысанада тұрып тепе-теңдік сақтау жаттығулары.<br>Гимнастикалық ұзын орындықпен бір аяғын бүгіп, екінші аяғын орындықты жанай айналдырып барып аттап жүреді. Тепе-теңдік сақтау мен қауіпсіздік ережелерін сақтау. |
| **4  - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: -** Отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), **.**Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы жаттығулар арқылы дамыту. Түрлі бастапқы қалыптан (етпетінен жатып, малдас құрып отырып) жүгіріп кетуге үйрете түсу<br>Секіртпеден бір орында тұрып секіру.<br>Бастапқы қалыпқа тұрады. Ырғақпен секіртпенің дәл табан астының тұсына келген сәтте секіріп үлгеруге тырысады.<br><br>Допты кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді. Кегельдер арасымен допты алып жүреді.Допты аяқ басының ішкі жағымен итеріп, кегельдерге тигізбей бірқалыпты, оң және сол аяқпен кезек алып жүргізеді | **Музыка**<br>**Міндеті: -** Қазақтың ұлттық ойындарының бірі«Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйрету<br>Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйрету.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева)<br>Ән айту:<br>«Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков)<br>Көктем» (А. Жайымов)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай)<br>Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар: «Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуақ» (Е. Құсайынов) | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: -** Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет);<br>Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыруды, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйрету<br><br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұзақ»<br>Ойыншылар бірінің ішінде бірі орналасқан екі шеңберге тұрады. Екі шеңбер екі бағытта қозғалады. Бастаушының белгісімен екі шеңбер бір уақытта тоқтап, ішкі шеңбердегі балалар қолдарын жоғары көтеріп, «қақпа» жасайды. Сыртқы шеңбердегі балалар «қақпадан» бір кіріп, бір шығып жүреді. Бастаушы тағы белгі бергенде ішкі шеңбер «қақпаны» күрт жабады да, шеңбер ішінде қалып қойған балалар тұзаққа түседі. Олар енді ішкі шеңберге қосылады. | **Музыка**<br>**Міндеті** Сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту<br>Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйрету**.**<br>Музыка тыңдау:<br>«Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева)<br>Ән айту:<br>«Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков)<br>Көктем» (А. Жайымов)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай)<br>Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар: «Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуақ» (Е. Құсайынов) | **Сурет**<br>**Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>**Міндеті: - -** Табиғаттың күрделі емес бейнесін суретте көрсету, балалардың алма ағашы туралы білімдерін бекіту<br>-- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу<br>-- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу<br>-Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ойын осылайша жалғаса береді.<br>Өзін-өзі уқалау:<br>«Балақан, қандай жақсы алақан!» | | құрастыруға баулу<br>- көктем мезгілінің табиғат құбылыстарын, бере білу білігін бекіту<br>**Топық жұмыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **Серуен** | **Мамыр**<br>**Серуен-Бақылау №2**<br>Бақылау: **Ауа-райын бақылау**<br>***Мақсаты*** *: Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.*<br>*Бақылау барысы*<br>*Көркем сөз. А.Меңдібай*<br>*Мамыр айы келгенде,*<br>*Дала гүлге толады.*<br>*Жайнап барлық атырап,*<br>*Қызық-думан болады.*<br>*Бақшамызда біз еккен,*<br>*Гүл шоқтары гүлдейді.*<br>*Жапырақтар сыбдырлап,*<br>*«Қандай көркем, көр»-дейді.*<br>Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді.<br>Балалар, қарандаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем).<br>*Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)* | **Мамыр**<br>Серуен-Бақылау №1<br>Бақылау: Жәндіктерді бақылау<br>*Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;*<br>Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.<br>*Бақылау барысы*<br>*Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:*<br>-Гүлдің нәрін жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)<br>-Қанды сорып сүліктей,<br>Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл қандай бүлік дой? (маса)<br>-Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттіге тамсанып,<br>Қоқысқа қонады.<br>Бұл не? (шыбын)<br>-Құжынаған жұмыскер,<br>Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)<br>-Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бірақ киім тікпейді.<br>Өнері де өнер-ақ,<br>Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦ Жұмбақ жауаптарының | **Мамыр**<br>Серуен-Бақылау №1<br>Бақылау: Жәндіктерді бақылау<br>*Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;*<br>Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.<br>*Бақылау барысы*<br>*Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:*<br>-Гүлдің нәрін жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)<br>-Қанды сорып сүліктей,<br>Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл қандай бүлік дой? (маса)<br>-Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттіге тамсанып,<br>Қоқысқа қонады.<br>Бұл не? (шыбын)<br>-Құжынаған жұмыскер,<br>Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)<br>-Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бірақ киім тікпейді.<br>Өнері де өнер-ақ,<br>Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) | **Мамыр**<br>**Серуен**-Бақылау **№3**<br>Бақылау: Гүлзарды бақылау<br>*Мақсаты:* Көктемгі гүлзар туралы түсініктерін кеңейту;<br>Өсімдіктерді күту, суғару іскерліктерін тиянақтау;<br>Табиғатты сүюге, әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші сұрақтар қойып, әңгімелесу жүргізеді<br>Қандай үй гүлдерін білесіңдер?<br>Қандай дала гүлдерін білесіңдер?<br>Олардың қандай айырмашылығы бар?<br>Сендерге қандай гүлдер ұнайды? Неге?<br>Сендердің үйлеріңде гүл бар ма? Қандай?<br>Оларды қалай күтесіңдер?<br>Гүлді отырғызбас бұрын не істеу керек?<br>Біздің гүлзарға отырғызуға арнап топта өсіріп жатырған гүлдеріміз қалай аталады?<br>Гүлдер жақсы өсіп, гүлдеуі үшін не істеуіміз керек?<br>Осы кезде бізге гүлді неге аулаға отырғызуға | **Мамыр**<br>**Серуен-Бақылау №4**<br>Бақылау: **Ауа-райын бақылау**<br>***Мақсаты:****Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру.*<br>***Бақылау барысы***<br>***Көркем сөз.*** *А.Меңдібай*<br>*Мамыр айы келгенде,*<br>*Дала гүлге толады.*<br>*Жайнап барлық атырап,*<br>*Қызық-думан болады.*<br>*Бақшамызда біз еккен,*<br>*Гүл шоқтары гүлдейді.*<br>*Жапырақтар сыбдырлап,*<br>*«Қандай көркем, көр»-дейді.*<br>Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді.<br>Балалар, қарандаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем).<br>*Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? *(күн жылығандықтан)*<br>Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем)<br>Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады)<br>Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк)<br>Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр).<br>Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді?<br>Жаңбыр қандай температурада жауады?<br>Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды).<br>**Еңбек**<br>Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу.<br>*Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру.* | шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)<br>♦Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? *(көбелек, құрт т.б)*<br>Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)<br>Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)<br>Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)*<br>Қандай жәндіктердің пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырсқа).*<br>Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)<br>Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)<br>Зерттеу жұмысы<br>Қаңқызын тауып, оның атын атау.<br>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.<br>Еңбек: Аланды қоқыстардан тазалау.<br>*Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.*<br>. | Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)<br>♦Тағы қандай жәндіктерді | болмайды?<br>Неге кейбір гүлдер көпжылдық, кейбіл гүлдер бір жылдық деп аталады?<br>Еңбек<br>Гүл егетін алаңда жұмыс (тазалау, қопсыту).<br>*Мақсаты:*<br>Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтау;<br>Гүлдердің өсуі туралы білімдерін қалыптастыру. | *құстарға ұя жасап жатыр)*<br>Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? *(күн жылығандықтан)*<br>Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем)<br>Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады)<br>Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк)<br>Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр).<br>Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді?<br>Жаңбыр қандай температурада жауады?<br>Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды).<br>Еңбек<br>Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу.<br>*Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *құлшыныстарын арттыру.*<br>. |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | **Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру** | **Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Санат пен Ерасылға затт ың ұзындық өлшем бірліктерін қайта сұрап естеріне түсірту | Альфия мен Заңғарға Қ дыбысына сөздер айтқызу | Санат пен Ерасылға затт ың ұзындық өлшем бірліктерін қайта сұрап естеріне түсірту | Балназымға апта күндерін жаттату. | Айзереге пішіндер түрін жаттату. |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)** | Қимылды ойын<br>«Үшінші артық».<br>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Жаттығу ойыны<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты:<br>Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;<br>Қозғалыс координацияларын сақтау;<br>Мақал-мәтел<br>-Сәуір айы-су айы,<br>Мамыр айы- гүл айы.<br>-Көктемгі жауын артық болмас | Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».<br>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.<br>Жаттығу ойыны:<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.<br>Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады | . Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».<br>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.<br>Жаттығу ойыны:<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.<br>Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады | Қимылды ойын<br>«Қай топ тез жиналады?».<br>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру.<br>Жаттығу ойыны «Құлап қалма».<br>араға, бал-балаға.<br>Қызыл гүл көзге алыстан шалынар.Мақсаты: бөрене үстімен жүруге жаттықтыру.<br>Мақал-мәтел:<br>- Әр гүлдің иісі әр басқа.<br>-Гүл- | Қимылды ойын<br>«Үшінші артық».<br>Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Жаттығу ойыны<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты:<br>Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру;<br>Қозғалыс координацияларын сақтау;<br>Мақал-мәтел<br>-Сәуір айы-су айы,<br>Мамыр айы- гүл айы.<br>-Көктемгі жауын артық болмас |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке  келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке  келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке  келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

*Тексерілді:*

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№74 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ
**Мектепалды «А» сыныбы**
**Балалардың жасы 5 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі** : 8 – 10 мамыр 2022-2023 оқу жылы

| ***н тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты **-** жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдеріменкеңес ,әңгімелесу** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз | | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | | Ата-аналармен әңгіме:<br>Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Ойын – жаттығу:*«Мен батырмын»;***<br>Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру,<br>Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.<br>*Қарулы күштердің мемлекетімізді сыртқы жаудан қорғау үшін қажет екенін түсіндіру.* | | **Ойын – жаттығу:*«Мен батырмын»;***<br>Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру,<br>Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.<br>*Қарулы күштердің мемлекетімізді сыртқы жаудан қорғау үшін қажет екенін түсіндіру.* | | ***Үстел үсті ойындары Мозайка құрастыру***<br>Әскери техника туралы суреттер топтамасын қарастыру.<br>«Батылдық пен қорқақтық дегеніміз не» тақырыбында әңгімелесу<br>*Ұқсай ма, ұқсамай ма Балаларды заттарды салыстыруға, түс, түр, көлем, материалының ұқсастығын атауға үйрету; байқампаздық, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.*<br>*Табиғат бұрышында еңбек* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Таңғы жаттығу кешені № 13** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)** | **«Ел қорғайтын, ер ағалар»**<br>Ел қорғайтын, ер ағалар,<br>Ардағымыз, арымыз.<br>Ерлер тойын, елдің тойын,<br>Қарсы аламыз бәріміз! | | **«Ел қорғайтын, ер ағалар»**<br>Ел қорғайтын, ер ағалар,<br>Ардағымыз, арымыз.<br>Ерлер тойын, елдің тойын,<br>Қарсы аламыз бәріміз! | | **«Отан қорғаушылар дегеніміз кімдер?»**<br>Балаларға 7 – мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесін сезіндіру.<br>*Қаламыздағы полиция қызметкерлері жайлы сөйлесу олардың суреттерін тамашала* |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру<br>- Сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану **(кірікт.08.05)**<br>-Сөйлем түрлері бойынша білімдерін дамыту.<br>–Енді мен әңгімені оқиын, ал сендер мұқият тыңдаңдар:<br>Хамит атасымен әңгімелескенді ұнатады. Балабек қария көп жыл бойы сушы болған. Қазір құрметті демалыста. Сонда да үйде отырғанын көрмейсің. Хамитті ертіп, үй жанындағы бақ ішіне жеміс егіп жүргені. Ешқашан шаршамайды.<br>–Ата, «маңдай тер» деген не? – деп сұрады бірде Хамит. Атасы ойға шомды. Көзін бір нүктеге қадады. Сонан соң | . | **Математика негіздері**<br>**Міндеті** - Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау. **(кірікт.09.05)**<br>- Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету<br>Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету.<br>демонстрациялық материалмен жұмыс<br>– Қай ағаштың ең биік екенін қалай анықтауға | | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті** - - Сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту **(кірікт.09.05)**<br>- Сызба бойынша сөйлем құрау бойынша алған білімдерін бекіту<br>Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру. .<br>Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра»<br>– Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек.<br>Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, май-мыл, жану- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Хамитті жетектеп, өзі көшет алып жүрген тоғайға келді. Қолына күрек ұстатты да:<br>–Кәне, екі-үш көшет қазып ал, – деді.<br>Өзі шеткерірек барып, ағаш көлеңкесіне жайғасты.<br>Хамит пора-пора боп терледі. Үйге келген соң да атасы жақ ашпады.<br>Жылдар өтіп жатты. Көшеттер үлкен ағашқа айналды. Алма мен жүзім мол жеміс салды. Қоңыр күзде атасы Хамитті ертіп бақ ішіне келді. Қып-қызыл алманың біреуін үзіп, қолына ұстатты.<br>–Сондай дәмді! – деді Хамит.<br>–Маңдай тер деген осы, Хамитжан. Өзіңнің маңдай теріңнің жемісі, – деді атасы.<br>Хамит атасын құшақтап алды.<br>1.Әңгімеде кімдер туралы айтылады?<br>2.Хамит атасынан не туралы сұрады?<br>3.Атасы осы кезде не деді?<br>4.Хамит тоғайдан не қазып әкелді?<br>5.Көп жылдар өткен соң не болды<br>6.Атасы Хамитті қайда әкелді?<br>7.Бақтағы атасы мен Хамиттің іс-әрекеті? | | болады? Ең төмен?<br>Педагог көз арқылы анықтауды ұсынады, балалар қайың - ең биік ағаш деп атайды.<br>Мүмкін біз қателескен болармыз? Қалай тексереміз? Біз қандай шартты өлшемді аламыз?<br>Жолақ – таяқшаны ұсынады. Қай ағаштың биік екенін салыстыру үшін, балалармен бірге осындай таяқтарды бүкіл биіктікте орналастырады.<br>Балалар әр ағаштың астына саны бар карточка қояды. Балалар ең көп санды табады. Осы ағаш ең биік болады. Енді ең төмен ағашты табыңыз. | | ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б.<br>– Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші?<br>Балалардың жауабы тыңдалады.<br>Балалар дәптердегі суретке мұқият қарандар.<br>Дәптермен жұмыс<br>1. Суретке қара. Сызба бойынша сөйлем құра.<br>2. Жұмбақты шеш. Шешуін буынға бөл.<br>Бір көзім: «Кідір!» – дейді,<br>Бір көзім: «Жүр!» – дейді.<br>Бір көзім: «Абайла!» – дейді, –<br>«Қарап ал, маңайға!» – дейді.<br>3. Бағдаршамнын түстерін ата. Сары түсті белгіні тиісті дыбыстық сызбамен қос |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
| | **Математика негіздері**<br>**Міндеті** - Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау.<br>**(кірікт.09.05)**<br>- Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету<br>Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету.<br>демонстрациялық материалмен жұмыс<br>– Қай ағаштың ең биік екенін қалай анықтауға болады? Ең төмен?<br>Педагог көз арқылы анықтауды ұсынады, балалар қайың - ең биік ағаш деп атайды.<br>Мүмкін біз қателескен болармыз? Қалай тексереміз? Біз қандай шартты өлшемді аламыз?<br>Жолақ – таяқшаны ұсынады.<br>Қай ағаштың биік екенін салыстыру үшін, балалармен бірге осындай таяқтарды | . | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** - Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру<br>- Сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану<br>**ё кірікт.08.05**<br>-Сөйлем түрлері бойынша білімдерін дамыту.<br>–Енді мен әңгімені оқиын, ал сендер мұқият тыңдаңдар:<br>Хамит атасымен әңгімелескенді ұнатады. Балабек қария көп жыл бойы сушы болған. Қазір құрметті демалыста. Сонда да үйде отырғанын көрмейсің. Хамитті ертіп, үй жанындағы бақ ішіне жеміс егіп жүргені. Ешқашан шаршамайды.<br>–Ата, «маңдай тер» деген не? – деп сұрады бірде Хамит. Атасы ойға шомды. Көзін бір нүктеге қадады. Сонан соң Хамитті жетектеп, өзі көшет алып жүрген тоғайға келді.<br>Қолына күрек ұстатты да:<br>–Кәне, екі-үш көшет қазып ал, – деді. | | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті.** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>өлең мазмұны арқылы әдеби шығарманы қабылдауға дағдыландыру<br>Суретке қарап, тақырыбын болжа.<br>Суреттен кімдерді көріп тұрсың?<br>Ортада жанып тұрған от туралы не білесің?<br>Балалардың қолында не бар?<br>2. Жеңіс ардагерлерін құттықтау ашықхатының суретін сал. Боя.<br>3. Мақалды түсініп ал.<br>Отан үшін отқа түс, күймейсің.<br>Педагог мақалдың мағынасын түсіндіреді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бүкіл биіктікте орналастырады. | | Өзі шеткерірек барып, ағаш көлеңкесіне жайғасты. Хамит пора-пора боп терледі. Үйге келген соң да атасы жақ ашпады.<br>Жылдар өтіп жатты. Көшеттер үлкен ағашқа айналды. Алма мен жүзім мол жеміс салды. Қоңыр күзде атасы Хамитті ертіп бақ ішіне келді. Қып-қызыл алманың біреуін үзіп, қолына ұстатты.<br>–Сондай дәмді! – деді Хамит.<br>–Маңдай тер деген осы, Хамитжан. Өзіңнің маңдай теріңнің жемісі, – деді атасы. Хамит атасын құшақтап алды.<br>1.Әңгімеде кімдер туралы айтылады?<br>2.Хамит атасынан не туралы сұрады?<br>3.Атасы осы кезде не деді?<br>4.Хамит тоғайдан не қазып әкелді?<br>5.Көп жылдар өткен соң не болды<br>6.Атасы Хамитті қайда әкелді?<br>7.Бақтағы атасы мен Хамиттің іс-әрекеті? | | |
| **3 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:**Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық | | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті.** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>өлең мазмұны арқылы | | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:.**Қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). Аяқтың ұшына көтерілу, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жауынгерлердің ерліктері туралы білу<br>-Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну<br>балаларды әскери мамандық түрлерімен<br>және Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен таныстыру | | әдеби шығарманы қабылдауға дағдыландыру<br><br>Суретке қарап, тақырыбын болжа.<br>Суреттен кімдерді көріп тұрсың?<br>Ортада жанып тұрған от туралы не білесің?<br>Балалардың қолында не бар?<br>2. Жеңіс ардагерлерін құттықтау ашықхатының суретін сал. Боя.<br>3. Мақалды түсініп ал.<br>Отан үшін отқа түс, күймейсің.<br>Педагог мақалдың мағынасын түсіндіреді. | | қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет) **(кірікт.08.05)**<br>.Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы<br>жаттығулар арқылы |
| **4 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:.**Қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).<br>Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет)<br>**(кірікт.08.05)**<br>.Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы<br>жаттығулар арқылы | | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:.**Қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).<br>Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет) **(кірікт.08.05)**<br>.Қимыл әрекеттерді еркін орындау дағдыларын айналмалы<br>жаттығулар арқылы дамыту<br><br>«Гимнастика»<br>Ұзын орындықтың бетімен жүру.<br>Шектеулі бетпен | | **Құрастыру**<br>**Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>**Міндеті: -** адамныңжалпы денеқұрылысын анықтап,жаттығу кезіндегі қолдарының,аяқтарының өзгерісін беруге үйрету,<br>-- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жаттығулар орындайды.<br>Орындықтың жіңішке беті табанның ортасында болатындай етіп жүреді.<br>Әр аттаған сайын аяғын жоғары көтеріп, аяқ астынан бір шапалақ ұрады.<br>Арқасын түзу ұстап, еркін қимылдап, нұсқауға сәйкес қозғалуға тырысады.<br>Қажет болса, әрқашан қауіпсіз секіріп, жерге түсіп кетуге дайын болуы керек | | қосып, біріккен жерлерін тегістеу<br>-- Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу<br>-- Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу<br>балалардың жаттығу жасап жатқан суретін салу,мүсіндеу,жапсыру, құрастыру<br><br>**Топтық жұмыс** |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **Серуен** | **Мамыр**<br>**Серуен-Бақылау №6**<br>**Бақылау: Жәндіктерді бақылау**<br>**Мақсаты** : «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін | | **Мамыр**<br>**Серуен-Бақылау №6**<br>**Бақылау: Жәндіктерді бақылау**<br>**Мақсаты** : «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы | | **Мамыр**<br>**Серуен-Бақылау №8**<br>**Бақылау:**<br>**Найзағайды бақылау**<br>**Мақсаты**:<br>• «Найзағай» ұғымымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тиянақтау;<br>• Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:**<br>• Гүлдің нәрін жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)<br>- Қанды сорып сүліктей,<br>• Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл қандай бүлік дой? (маса)<br>- Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттіге тамсанып,<br>Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын)<br>• Құжынаған жұмыскер,<br>Бірлескенде тым іскер | | түсініктерін тиянақтау;<br>• Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:**<br>• Гүлдің нәрін жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)<br>- Қанды сорып сүліктей,<br>• Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл қандай бүлік дой? (маса)<br>- Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттіге тамсанып,<br>Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын)<br>• Құжынаған жұмыскер,<br>• Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)<br>• Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бірақ киім тікпейді.<br>Өнері де өнер-ақ,<br>Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)<br>♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (көбелек, құрт т.б)<br>• Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)<br>Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)<br>Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (бақтарда, ағаштарда, | | таныстыру;<br>• Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру;<br>Сөздік қорларын байыту;<br>— Бақылағыштықтарын дамыту.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады<br>Аспанда от қамшы осады,<br>Ащы үнін ышқынып қосады.<br>• Дүрліктіріп алапты,<br>Шақпақ тастың жарқылы,<br>Бұлт көрпесін жыртады.<br>Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен?<br>• Найзағай қай кезде ойнайды?<br>• Аспан неге күркірейді?<br>• Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады)<br>Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады)<br>• Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады?<br>Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады.<br>Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны.<br>Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | су тоғандарда т.б.)<br>Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара, жібек құрты, құмырсқа).<br>• Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)<br>• Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)<br>• **Зерттеу жұмысы**<br>Қаңқызын тауып, оның атын атау.<br>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.<br>**Еңбек:** Алаңды қоқыстардан тазалау.<br>Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. | | өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды.<br>**Зерттеу қызметі**<br>Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу.<br>«Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы<br>Нөсерлеп жаңбыр басталды,<br>Науада қалқып қақ қалды.<br>Найзағай тынбай жарқылдап,<br>Нөсер тұр құйып сатырлап.<br>• Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер)<br>**Еңбек**<br>1 топ- ауланы тырмамен тазалау;<br>2 топ-қоқыстарды шығару<br>Мақсаты:<br>Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету;<br>Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру |
| **Серуеннен оралу** | | | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Мүсіншілер<br>Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.Пішіндерден өз ойымен әр түрлі затты құрастырып | | Мүсіншілер<br>Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.Пішіндерден өз ойымен әр түрлі затты құрастырып шығару | | «Таңғажайып алақан»<br>Мақсаты: қиялын, бейнелі ойлауын, бейнелеу шеберлігін, көркемдік талғамын дамыту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)** | Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».<br>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.<br>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.<br>Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады | | Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».<br>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.<br>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.<br>Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады | | Қимылды ойын «Өз ағашыңды тап».<br>Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету.<br>Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін».<br>Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру<br>Халық болжамы:<br>•Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.<br>Қарлығаш келсе күн күркірейді |
| **Балалардың үйге қайтуы** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

*Тексерілді:*



**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№74 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ
**Мектепалды «Ә» сыныбы**
**Балалардың жасы 5 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі** : 15 – 19 мамыр 2022-2023 оқу жылы

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **аларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдеріменкеңес ,әңгімелесу** | **Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту** | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту . | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Сөздік тренинг ойыны: «Болады-болмайды»** тренингі(оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш рет шапалақтайды, ал болмайтын нәрселерді айтқанда қолдарын бір рет шапалақтайды)-Мейірімді болуға .... (болады), Кешірімді болуға .... (болады), Қатыгез болуға .... (болмайды), Тәртіпті болуға .... (болады), | **Үстел үсті ойындары: «Мейірімділік гүлін»** құрастыру Балаларға түрлі-түсті қағаздан әртүрлі гүлдерді қиып, жапсырмалайды. Фотосуреттер қарау. **Еңбек тапсырмасы**:Гүлдерге су құю,шаңдарын сүрту | **Ойын: «Мейірімділік жібі»** **Шарты:** Сендер дөңгелене жайғасып отырыңдар. Мен мына қолымдағы жіп орамын қасымда отырғанға беремін, жәй бермеймін, Кімнің немесе ненің мейірімді екендігін айтып беремін. Ал сендер болса, дәл осылай келесі балаға бересіңдер. **Еңбек тапсырмасы**:Балықтарға жем беру | **Жануарларға мейірімді болу туралы әңгімелесу** *Қайда барғынымызды айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз* *Әрекетті сөзбен айтуға үйрету; етістік тұлғалы сөздерді дұрыс қолдану (шақ, жақ); шығармашылық қиялын, тапқырлығын дамыту.* Еңбек тапсырмасы: | **Қоршаған ортаны қорғау оған мейіріммен қарауға тәрбиелеу балалармен шағын әңгіме жүргізу** *Осылай бола ма? Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, айнымалы пікірді байқауға тәрбиелеу.* *Ойын ережесі. Кім өтірік әңгімені байқаса, сол неге бұлай* болмайтынын дәлелдеуі керек. Еңбек тапсырмасы:Гүлдерге су құю |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 14 | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)** | **«Біз бақытты баламыз»**<br>Кел,шеңберге тұрайық,<br>Қолымызды ұстайық.<br>Күлімдейік күлейік,<br>Тату болып жүрейік. | Мейірімділік-асыл қасиетіміз,<br>Жүректегі таза ақ ниетіміз.<br>Жан дүние кілті,<br>Шаттық пенен күлкі.<br>Биік ұстап соны,<br>Қадірлейік біз! | **«Нәр алып»**<br>Аман-есен болайық,<br>Бейбітшілік қалайық!<br>Күнге қарап шуақтанып,<br>Суға қарап нәр алып,<br>Табиғаттан шабыттанып,<br>Денсаулықпен ойнап-күліп жүрейік. | **«Қуан,шаттан!»**<br>Қуан, шаттан!<br>Қуан, шаттан!<br>Қуанатын күн бүгін.<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін. | **«Қайырлы таң!»**<br>Қайырлы таң!<br>Ормандар мен далалар.<br>Қайырлы таң!<br>Достасқан бар<br>Балалар,<br>Қайырлы таң!<br>Жора-жолдас,ұл мен қыз! |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті** Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу<br>**.** Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру<br>–Балалар, мен сендерге «Ай, Күн және Қораз» туралы аңыз оқып берейін:<br>Бұл өте ертеде болыпты, содан бері қанша жыл өткенін есептеп айтуға сан жетпейді екен. Аспанда ағайынды үшеу: Күн, Ай және Қораз тұрыпты.<br>Бірде ең үлкені Күн адамдарға жарық сәуле шашуға кеткенде, үйде Ай мен Қораз<br>қалыпты. Ай барып тұрған сотанақ екен. Қоразға тыным бермей, ақыры тәжінен ұстап алып, жерге тастап жіберіпті. Қайта оралған Күн болған оқиғаны біліпті.<br>Ойланып отырып, былай | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті: -**Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту<br>Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту.<br><br>**–** Мен сендерге суреттер көрсетіп бірінші дыбысты айтпай сөз айтамын, сендер<br>жоғалған дыбысты жалғап толық сөзді айтасыңдар да допты кері бересіңдер.<br>Мысалы:... ерезе (т), ...ілем (і)і, ...алық(б), ...үрек(ж), ...ақыт (б), уыршақ...(к), ...омбыра<br>(д), ...екемет (т), ...ышақ (п),... аймақ (к), ...анан(б), ...ектеп(м), ...рік(ө), ...ияз(п) т.б | **Математика негіздері**<br>**Міндеті** Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу<br>геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру<br><br>«Сиқырлы дорба» ойыны.<br>«Сиқырлы дорбада» **-** шар, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, шеңбер бар. Ал үстелде олардың суреттері бар.<br>Педагог ойын жағдайын жасайды:<br>– Балалар, геометриялық фигуралар мен денелер өмір сүрген, бір патшалықта бақытсыздық болды.<br>Зұлым сиқыршы сиқырлы таяқшаның бір соққысымен оның | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті -** Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту<br>Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту<br>.<br>«Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы<br>(Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады)<br>-ал буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: алма, алтын, алжапқыш, алға, аласа, ала, алқа, Алжан, алмас, алау,<br>Альбина, ал т.б .<br>-оқ буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті**Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту<br>Сөздердің жалпы атауын атауға, дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту<br><br>Бұлт сөзіне дыбыстық талдау.<br>Бұлт – 1 буын, 4 дыбыс.<br>б – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>ұ – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз.<br>л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | депті: «Менің байқауымша, сенің ешкіммен сыйысып, тыныш отыра алатын түрің жоқ екен. Қайтып бетіңді көрмеймін. Бұдан былай мен аспанда күндіз ғана жүремін, ал сен тек түнде шығасың», – депті.<br>Содан бері Қораз қызарып шығып келе жатқан Күн ағасын көргенде: «Қо-қо-қоқ!» –деп айғайлайтын болыпты. Онысы «Қайырлы таң, мейірімді аға!» – дегені екен.<br>Ал Күн батып, Ай көріне бастағанда, Қораз үйшігіне тезірек кіріп алуға асығатын көрінеді.<br>Педагог айтылған аңыз бойынша балаларға сұрақтар қояды.<br>–Аңызда нелер туралы айтылған?<br>–Күн жарық сәуле шашуға кеткенде ай не істейді?<br>–Мән жайды түсінген Күн Айға не дейді?<br>–Екеуі қалай келіседі?<br>–Күн шығып келе жатқанда Қораз не істейді?<br>–Түн батып ай шы ққанда ше? | | барлыққандай зат екенін, қолымен ұстап, сипалау арқылы анықтап және оның суретін табу.<br>Балалар кезек-кезек екі қолымен фигураларды ұстап қарап, оны дорбадан шығарады, оның суретін тауып, үстіне фигураны қояды.<br>Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы команда бойынша дорбадан заттарды алады.<br>Қозғалыстар мәтін бойынша орындалады.<br>Педагог 2- тапсырманы орындауға ұсынады.<br>– Шарды көрсетіңіз. Оны қызыл түспен бояңыз.<br>Текшені көрсетіңіз. Оны көк түспен бояңыз.<br>Цилиндрді көрсетіңіз. Оны сары түспен бояңыз | Мысалы: оқу, оқы, оқымысты, оқулық, оқ, оқыс, оқшаулау, оқтар т.б.<br>-жа буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты.<br>Мысалы: жас, жалын, жалғыз, жат, Жайық , жарқыра, жалқау, жаура, жалау,<br>Жамбыл, жалпылдақ, жалбыз, жаһұт, жау, жарайды, жалмауыз | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **2 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Фигулардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту<br>геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру<br>Балалалар геометриялық денелерді және текше, шар, цилиндр пішініне ұқсайтын заттарды атайды.<br>«Бұл неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны<br>– Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар.<br>Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды | **Математика негіздері**<br>**Міндеті** Геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатырургеометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптсатыру.<br>тапсырманы дәптерде өздігінен орындауды ұсынады.<br>Педагогтің нұсқауларын тыңдап, практикалық жұмысты орындайды.<br>Балалар практикалық жұмысты орындап, заттарды тексеріп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табады, сұрақтарға жауап береді.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметі үшін пластиктен, ағаштан немесе басқа материалдан жасалған көлемді фигураларды, картоннан, фанерадан жасалған жазық фигураларды табу керек.<br>Балалар қолдарына алып, жазық және көлемді фигураның арасындағы айырмашылықтарды атайды.<br>Педагог 2-тапсырманы орындауға ұсынады.<br>Суреттердегі заттарды | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті: -** Монологты байланыстырып құра білу<br>**Е**ртегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру<br>Мақал-мәтел:<br>Жақсы – ай мен күндей, әлемге бірдей.<br>Дидактикалық ойын: «Дыбыстың орнын анықта» (ауызша орындалады).<br>Ойын шарты: Педагог бір дыбысты айтады да, сол дыбыс кездесетін сөздерді айтады. Балалар «Қ» дыбысы сөздің басында тұрса бір рет қол шапалақтайды, егер дыбыс сөз ортасында тұрса, екі рет шапалақ ұрады, ал сөз соңында тұрса, үш рет шапалақ ұрулары керек.<br>«Қ» – қала, аққала, сандық.<br>«М» – моншақ, отырмын, өшірдім | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті** -Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу<br>-Шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. **(кірікт.08.05)**<br>ертегі арқылы сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру<br><br>Қазақстанның таулы қыратында барыс мекендейді. Барыс Алматы қаласының төлтаңбасында бейнеленген.<br>«Қазақстан барысы» ертегісін интербелсенді тақтада көрсетеді.<br>Ертегі ұнады ма?<br>– Ертегідегі таныс жабайы жануарларды ата? (Аю, қоян, қасқыр).<br>– Ертегідегі үй жануарларын ата? (Ит, қой).<br>Педагог қима материал бойынша жаңа сөздермен таныстырады.<br>– Мынау – барыс. Мынау не?<br>– Мынау – барыс.<br>– Барыс жаттығулар | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті.** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.<br><br>Өлеңді екінші рет қайталап оқып, бірге жаттайды<br>Педагог балаларға өлең жолдарын шабытты түрде айтқызады (3-4 балаға).<br>Атасы немерелерімен қайда барды?<br>Балаларға ат қойып, олардың атасымен саябаққа барғаны туралы әңгіме құра.<br>2. Суретке қара. Балалар қандай ойын ойнап жүр?<br>Сен қандай ойын ойнағанды жақсы көресің?<br>3. Жұмбақты шеш.<br>Қойны толы жеміске,<br>Көк майсалы егісте<br>Көбелек қуып ойнайтын<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>(Жаз) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қарайды және атайды.<br>– Бұл неге ұқсайды?<br>Сызып қосады.<br>Балалар өздігінен тапсырмаларды орындайды | | жасады.<br>– Барыс не істейді?<br>– Барыс жаттығулар жасады.<br>– Мынау – борсық. Мынау не?<br>– Мынау – борсық.<br>– Борсық жаттығулар жасады.<br>– Борсық не істеді?<br>– Борсық жаттығулар жасады.<br>– Қар барысы мен борсық жарысқа қатысты | |
| **3 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті -** 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табу<br>-Берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу. (кірікт.09.05)<br>жыл құстардың қазақша атауларымен таныстыру.<br><br>Көктемде құстар келеді.<br>– Көктемде не келеді?<br>– Көктемде құстар келеді.<br>– Мынау – қараторғай. Мынау не?<br>– Мынау – қараторғай. (Жеке, хормен айтып жаттығады).<br>– Көктемде қараторғай келеді. | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту<br>өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.<br><br>Көктемнен кейін қандай жыл мезгілі келеді?<br>– Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады?<br>– Жаз мезгілі несімен ұнайды?<br>– Жаз мезгілінің бірінші күні, бірінші мерекесі – «Балаларды қорғау күні».<br>– Балалар, сендер болашақта елімізді, жерімізді қорғайтын азаматсыңдар. Бұл – сендердің мерекелерің.<br>– Бүгін біз ақын Қасым | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:**Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.<br>бөлме өсімдіктерін күту ережелерімен таныстыру<br>Бүгін біз бөлме өсімдіктерімен танысболамыз. Өсімдік өмір сәні, табиғат көркі, дәрі-дәрмек. Олар біздің бөлмемізді тек әдемі етіп көрік бере қоймай, бөлменің, үйдің ауасын тазартады. Бізге қуаныш сыйлайды, көңіліміз көтеріңкі болады екен. Олардың көптеген түрлері болады. -Мынау | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: -** Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту<br>Баскетбол ойыны қимылдарын; допты бір қолмен соғу күшін мөлшерлеп, аяққа таяу еденге соғып жүргізуді<br><br>«Баскетбол»<br>Допты бір қолмен жүргізу.<br>Нұсқау – допты саусақтардың басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру.<br>Допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. Допты соққанда күшін доп кеуде деңгейіне ғана ұшатындай етіп мөлшерлейді | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті: -**Өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек ету алалардың еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуге үйрету<br><br>Арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. Балаларды жұмысты бастап оны аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегі, әңгімелерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | – Көктемде қандай құс келеді?<br>– Көктемде қараторғай келеді.<br>– Мынау – қарлығаш.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – ... (қарлығаш). Балалар «қарлығаш» сөзін айтып жаттығады, естеріне сақтайды.<br>– Көктемде қарлығаш ұшып келеді.<br>– Көктемде ... (қарлығаш) ұшып келеді.<br>– Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.<br>– Көктемде келетін құстарды қалай атайды?<br>– Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді.<br>Педагог шағын мәтінді оқиды. Көктемде келетін құстарды жыл құстары дейді. Жыл құстары: қарлығаш, қараторғай. Құстар – адамға дос. Оларға біз де қамқор болуымыз керек.<br>Балалар | Аманжоловтың «Бала – біздің болашақ» атты өлеңімен танысамыз.<br><br>Өлең ұнады ма?<br>– Авторы кім?<br>– Өлеңде не туралы айтылған?<br>– Болашақта сен қандай болғың келеді?<br>– Өлеңде қандай ұйқас сөздер бар? | қазтамақ. Ол бөлме өсімдігі. -Мынау фикус. Жапырағы жасыл, көлемі үлкен. Ол бөлме ауасын жақсы тазартады. Гүлдердің тамыры, сабағы, жапырағы, гүлі болады.(тәрбиеші көрсетеді) -Балалар біз тамак ішсек, күшіміз көп болады, бойымыз өседі. Сол сияқты өсімдіктер адам сияқты тамақ ішпесе, ауырып қалады. Оларды су құйып, күтіп,баптап тұру қажет екен. Тәрбиеші көрсете отырып, күту ережелерімен таныстырады: -Гүлдердің жапырақтарының | | кейіпкерлер арқылы «Еңбек түбі — зейнет» екенін түсіндіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге баулу. Мысалы: «Бір уыс мақта», «Бұзау бақтым», «Көйлекті маған кім берді?», «Қайдан келдің, бауырсақ?» деген әңгімелер арқылы барлық заттардың еңбекпен келетіндігін түсіндіру.<br><br>Үлкендерге көмек көрсетуге (тәрбиешіге, оның көмекшісіне, ата-аналарына), оларға ықыласпен қарауға тәрбиелеп, сондай-ақ, олардың еңбектерінің нәтижесіне ұқыпты қарауға ынталандыру.<br><br>Топ бөлмесі мен балабақша ауласында тазалық сақтауға және үлкендердің тапсырмаларын орындауға,<br><br>бастаған ісін соңына дейін жеткізуге үйрету. |
| **4 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:**.Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру<br>**.**Талдау жүйелерінің белсендендіруіне жағдай жасау. Түрлі қимыл | **Музыка**<br>**Міндеті: -** Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру<br>Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру<br>**Музыка тыңдау:** | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті:** -Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру<br>**.**Баланың қимыл-қозғалыс жүйесі мен арнайы даму | **Музыка**<br>**Міндеті -** Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу<br>**М**узыка арқылы балаларды патриоттық | **Мүсіндеу**<br>**Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>**Міндеті:** -ертегі желісі бойынша сурет салуға үйрету, бір мазмұнға біріктіре отырып, бірнеше |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеттерді орындағанда тізбектегі өз әрекетін өзге ойыншыларының қимылдарымен үйлестіре білуін қалыптастыру<br><br>«Отарға шапқан қасқыр» (Қырғыз ойыны). (4 рет)<br>Қасқыр тек соңғы лақты ұстай алады. Ұсталған лақтарды басқа жерге қамап қояды. Егер қасқыр лақты ұзақ уақыт ұстай алмаса, басқа қасқыр сайланады.<br>Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірін шынтағынан ұстайды. Бұл – лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап келіп, соңғы лақты ұстап алуы керек.<br>Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды. | **«**Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский)<br>Ән айту: «Біз бақытты баламыз»<br>(К. Қуатбаев)<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар<br>«Бақытты балалық шақ» («Мен бақыттыбаламын»«Полька» (М. Красев)<br>Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан)<br>Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин)<br>Музыкалық аспапта ойнау:<br>«Латыш полькасы» (М. Раухвергер) | факторларын интеграциялау, қолға арналған жаттығуларды жүріп келе жатып орындау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіре отырып үзіліссіз баяу жүгіру дағдыларын қалыптастыру**.**<br>Доппен орындалатын жаттығуларды орындағанда жұпта әрекет ету мен допты сезе білу қажет.<br>1.Қолына доп алып 3 метр қашықтықта жүгіру.<br>2.Аяқ басының арасына доп қыстырып жүру.<br>3.Допты тізесімен қысып, қолдары мен аяғының ұшына тireніп жорғалау.<br>4.Допты бір қолмен, екі қолмен домалату.<br>5.Допты артқа лақтыру.<br>Нұсқауларды орындап, бастапқы қалыпқа тұруды дұрыс орындауға тырысады.<br>Жаттығуды орындаған соң, қолдарын белге қойып, артпен жүріп өз орнына келеді. Барлық жаттығулар орындалып біткенше қимылдарын басқарып, денесін тік ұстауға тырысады | сезімге тәрбиелеу<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев)<br>Ән айту:<br>«Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров)<br>«Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Жеңіс күні»<br>Б. Бейсенова (үнтаспада)<br>«Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова) Билер:<br>«Полька» эстон халық биі<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Кешікпе»<br>орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер)<br>Музыкалықаспаптаойнау:<br>«Құлыншақ» (С. Урбах) | заттардың суреттерін бейнелеуге жаттықтыру<br>- Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу<br>-Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу<br>--Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу<br>- Қызыл телпекті қыздың суретін салу,мүсіндеу,жапсыру,құрастыру<br><br>**Топтық жұмыс** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **Серуен** | **Мамыр**<br>**Серуен-Бақылау №10**<br>**Бақылау:Кемпірқосақты бақылау**<br>***Мақсаты:*** өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпірқосақ туралы түсініктерін қалыптас-тыруды жалғастыру.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады.<br>• Жарқылдан соң жаңағы,<br>Суға бөкті бар алап.<br>Көкте түрлі жолақты,<br>Өрнек тұрды ғаламат.<br>(кемпірқосақ)<br>• Жаңбыр жуды жерімді,<br>Көкте өрмек керілді.<br>(кемпірқосақ)<br>Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпірқосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпірқосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпірқосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады.<br>Балаларға сұрақтар:<br>♦ Кемпірқосақ қай уақытта пайда болады ? **I**<br>♦ Ол қай уақытта жоғалады? | **Мамыр**<br>**Серуен-Бақылау №11**<br>**Бақылау:**<br>**Найзағайды бақылау**<br>***Мақсаты:***«Найзағай» ұғымымен таныстыру;<br>• Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру;<br>Сөздік қорларын байыту;<br>Бақылағыштықтарын дамыту.<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады<br>Аспанда от қамшы осады,<br>Ащы үнін ышқынып қосады.<br>• Дүрліктіріп алапты,<br>Шақпақ тастың жарқылы,<br>Бұлт көрпесін жыртады.<br>Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен?<br>• Найзағай қай кезде ойнайды?<br>• Аспан неге күркірейді?<br>• Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады)<br>Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады)<br>• Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады? | **Мамыр**<br>**Серуен-Бақылау №12**<br>**Бақылау:Жәндіктерді бақылау**<br>***Мақсаты:*** «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;<br>• Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:**<br>• Гүлдің нәрін жинайды,<br>Адамға бал сыйлайды.<br>Еңбекқорды аялайды,<br>Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара)<br>- Қанды сорып сүліктей,<br>• Ызыңдап кеп шағады.<br>Бұл қандай бүлік дой? (маса)<br>- Ызыңдап ән салып,<br>Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәттігі тамсанып,<br>Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын)<br>• Құжынаған жұмыскер,<br>• Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа)<br>• Тор тоқуға шебер-ақ,<br>Бірақ киім тікпейді.<br>Өнері де өнер-ақ,<br>Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)<br>**Тәрбиеші сұрақтары.**<br>♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) | **Мамыр**<br>**Серуен-Бақылау №13**<br>**Бақылау:**<br>**Топырақты бақылау**<br>**Мақсаты:** *торф топырағының қыртысымен таныстыру .*<br>**Бақылау барысы**<br>Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяқкиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен( жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады..<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру.<br>Құммен торфты салыстыру;<br>Жер қыртысы қай жерде тез кебеді.<br>**Еңбек**<br>Ағаш түптері мен атызға торф тасу.<br>*Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.* | **Мамыр**<br>**Серуен-Бақылау №14**<br>**Бақылау:Желді бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>*- жел туралы түсініктерін бекіту;*<br>*- жел түрлерін есте сақтау.*<br>**Бақылау барысы**<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:<br>Ағаштарды шайқайды,<br>Көзге көрінбейді.<br>Шарлағанда сай-сайды,<br>Бір сәт ерінбейді. (жел)<br>Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды:<br>Желдің қандай түрлері болады?<br>• Жел неге соғады?<br>Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.<br>♦ Барынша қатты желдердің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ♦ Кемпірқосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады?<br>**Тәрбиеші балаларға тапсырма береді.** Асфальт бетіне түрлі-түсті борлармен кемпірқосақтың суретін салу.<br>**Еңбек:** Балабақша ауласын қоқыстан тазалау.<br>*Мақсаты*: аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. | Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды.<br>**Зерттеу қызметі**<br>Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу.<br>«Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы<br>Нөсерлеп жаңбыр басталды,<br>Науада қалқып қақ қалды.<br>Найзағай тынбай жарқылдап,<br>Нөсер тұр құйып сатырлап.<br>• Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер)<br>**Еңбек**<br>1 топ- ауланы тырмамен тазалау;<br>2 топ-қоқыстарды шығару<br>*Мақсаты:*<br>Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету;<br>Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру. | ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? *(көбелек, құрт т.б)*<br>• Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар)<br>Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)<br>Жәндіктер қайда тіршілік етеді? *(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)*<br>Қандай жәндіктердің пайдасы бар? *(ара, жібек құрты, құмырсқа).*<br>• Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)<br>• Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)<br>• **Зерттеу жұмысы**<br>Қаңқызын тауып, оның атын атау.<br>Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау.<br>**Еңбек:** Аланды қоқыстардан тазалау.<br>*Мақсаты:* үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. | | атын ата? *(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)*<br>♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды)<br>♦ Желдің ізін көруге болады ма?<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Компас арқылы желдің бағытын анықтау.<br>Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. **Еңбек** Гүл өсіретін (клумба) аланды дайындау<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру | **Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру** | **Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру |
| **Балалармен жеке жұмыс** | «Бақыт деген не өзі?»<br>Бақыт деген, шырағым<br>Мынау әсем тұрағың.<br>Ну ормандар, гүл бағы,<br>Күннің күліп тұрғаны<br>БАҚЫТ- дәні даланың.<br>«Ботам» деуі әженің,<br>Тыныштығы әлемні<br>жаттау | Мен де балғын гүлмін<br>Автор. М. Байсариева<br>Арасынды гүлдің<br>Ойнап бүгін жүрдім<br>Қызыл, көкшіл, сары<br>Әп-әдемі бәрі<br>жаттату | Санат пен Ерасылға түстерді атап айту. | Балаларға жапырақтың түстерін ажыраттыру. | Балаларға дөңгелек пішіндер салғызу. |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-тарды қарау және басқалар)** | Қимылды ойын «Қасқыр қақпан».<br>Мақсаты:<br>Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу.<br>Жаттығу ойыны:<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру.<br>Халық болжамы.<br>Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады | Қимылды ойын<br>«Өз ағашыңды тап».<br>Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету.<br>Жаттығу ойыны<br>«Ағаштан ағашқа дейін».<br>Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру | **Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».**<br>**Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу.**<br>**Ептілікке, жылдамдыққа баулу.**<br>**Жаттығу ойыны:**<br>**Қимылдарын дамыту.**<br>**Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту.**<br>**Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.** | **Қимылды ойын**<br>**«Аққу-қаздар».**<br>**Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.**<br>**Жаттығу ойыны**<br>**Секіргіш жіппен жаттығу ойындары.**<br>**Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.**<br>**Мақал-мәтел:**<br>**Жері байдың-елі бай.**<br>**Қара жерге де, қамқорлық керек.** | Қимылды ойын «Кім жылдам?».<br>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.<br>Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.<br>Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.<br>Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

*Тексерілді:*

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** «№74 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ
**Мектепалды «А» сыныбы**
**Балалардың жасы 5 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі** : 22 – 26 мамыр 2022-2023 оқу жылы

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдеріменкеңес ,әңгімелесу** | **Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту** | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру.<br>**Дидактикалық ойын. "Атын атап бер**"<br>**Мақсаты:** көктем гүлдері туралы білімдерін бекіту<br>Табиғат бұрышында еңбек ету. | **Дидактикалық ойын:** «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады.<br>Табиғат бұрышында еңбек ету.<br>**«Суреттерді құрастыр»** Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру<br>Шығармашылық бұрышында еңбек ету. | **Дидактикалық ойын:** «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады.<br>Табиғат бұрышында еңбек ету.<br>**«Суреттерді құрастыр»** Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру<br>Шығармашылық бұрышында еңбек ету. | Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзінді көрсетіп, жалпы түсінік беру.<br>**Дидактикалық ойын. "Атын атап бер**"<br>**Мақсаты:** көктем гүлдері туралы білімдерін бекіту<br>Табиғат бұрышында еңбек ету. | **Дидактикалық ойын:** «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады.<br>Табиғат бұрышында еңбек ету.<br>**«Суреттерді құрастыр»** Апта тақырыбы бойынша суреттерді құрастыру<br>Шығармашылық бұрышында еңбек ету. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңғы жаттығу кешені № 14 | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)** | **«Құмырсқа» өлеңі**<br>Ұзын мұртты құмырсқа,<br>Келе жатты жұмысқа.<br>Алды допты қолына,<br>Қойды допты орнына.<br>Онға, солға қарады,<br>Үлкен тау деп ойлады.<br>**Мақсаты**:Сөздердегі дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды (п-б, т-д, ғ-г, с-з-ц) анық айтуларын қалыптастыру. | Құмырсқа» өлеңі<br>Ұзын мұртты құмырсқа,<br>Келе жатты жұмысқа.<br>Алды допты қолына,<br>Қойды допты орнына.<br>Онға, солға қарады,<br>Үлкен тау деп ойлады.<br>Мақсаты:Сөздердегі дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды (п-б, т-д, ғ-г, с-з-ц) анық айтуларын қалыптастыру | . **«Армысыз!»**<br>Армысыз,кайырымды Аспан ата!<br>Армысыз,мейірімді Жер ана!<br>Армысыз, шұғылалы Алтын күн!<br>Амансын ба, Алтын күн!<br>Амансын ба,Көк аспан!<br>Амансын ба,достарым!<br>Аманбысыз,апай! | . «Армысыз!»<br>Армысыз,кайырымды Аспан ата!<br>Армысыз,мейірімді Жер ана!<br>Армысыз, шұғылалы Алтын күн!<br>Амансын ба, Алтын күн!<br>Амансын ба,Көк аспан!<br>Амансын ба,достарым!<br>Аманбысыз,апай! | . «Армысыз!»<br>Армысыз,кайырымды Аспан ата!<br>Армысыз,мейірімді Жер ана!<br>Армысыз, шұғылалы Алтын күн!<br>Амансын ба, Алтын күн!<br>Амансын ба,Көк аспан!<br>Амансын ба,достарым!<br>Аманбысыз,апай! |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӘ** | **1 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті** Әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру<br>Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру<br>–Балалар, түлкіні жыртқыш аң десек, ал қоян жыртқыш аң емес.<br>–Қоян – өте қорқақ аң, қоянды үйде де асырауға болады.<br>Қазір осы қоян мен түлкі туралы орыс халқының ертегісімен танысамыз.<br>Педагог мәнерлеп оқиды.<br>Түлкі мен Қоян<br>Әуелде түлкінің құйрығы жоқ еді. Қасқырмен тату тұрмаған соң үнемі қашып жүреді екен. Жүрген ізін жасыра алмай қиналыпты. | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** - Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру .алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау.<br>Дидактикалық ойын «Жоғалған дыбыс»<br>– Мен сендерге суреттерді көрсетіп, суреттің атауын бастапқы дыбысын дыбыстамай айтамын, ал сендер менің қатемді түзеп, жоғалған дыбысты қосып сөзді толық айтуларың керек.<br>Мысалы: - ...олбарыс(ж), ...ысық(м), ...аймыл(м), ...асбақа(т), ...ышқан(т), ...рыстан(а), | **Математика негіздері**<br>**Міндеті:** Пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыруПішіндердің атауларын: денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш,.<br>Педагог заттардың контурын тиісті түспен бояуды ұсынады. Арттық затты тауып, атау керек. Балалар тапсырманы орындайды, артық затты тауып оны бояйды – қалпақ. | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті:** Жазу парағында бағдарлай жоларалық кеңістікті ажырата білубілу, жазу жолы мен дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру.<br>Дидактикалық ойын: «Қағып ал»<br>– Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдарМысалы: қққасқыр(к), ееетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), ммоншақ(м), қққоңыз(к), | **Сауат ашу негіздері**<br>**Міндеті** - Сөздегі дыбыстың орнын табуға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, жуан-жіңішке дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау.<br>– Балалар, мен бір дыбысын анығырақ созып, қандай да бір сөзді айтамын, ал сендер тура солай қайталаңдар. Қалай айту керек, қайсысы дұрыс екенін анықтаймыз. Мысалы: ааалжапқыш-алжапқыыыш, бааағдаршам-бағдаршааам, дәәәріхана-дәріханааа, қооойылым-қойылыыым, ААалпамыс-Алпамыыыс, шааапалақ- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сол үшін Қасқыр Түлкінің артына еріп, аңдып жүріп, оның ініне түсіпті. Түлкі інінің екінші тесігінен шығып кетіпті. Шығып кетпесе, Қасқыр Түлкіні өлтіріп тастар еді.<br>Түлкі орманда келе жатып, ағаш түбінде отырған Қоянды көреді. Ол мезгілде Қояндардың құйрығы ұзын, жүгірулеріне кедергі келтіреді екен. Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге: «Мені өлтірме, құйрығымды сыйға берейін», – деп жалыныпты. Міне, содан бері Түлкінің құйрығы ұзын, ал Қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты.<br>Педагог:<br>–Ертегі сендерге ұнады ма?<br>–Ертегі де нелер туралы айтылған?<br>–Ерте заманда Түлкінің құйрығы қандай болыпты?<br>–Түлкі Қасқырмен тату тұрмаған соң не істеген?<br>–Бір күні не болыпты?<br>–Түлкі қалай құтылып кетіпті?<br>–Әлден соң ағаш арасына кірген Түлкі нені көреді?<br>–Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге не депті? | ...арабан(б), ...әріхана(д), ...арандаш(к), ...аламсап(к), ...өзілдірік(к), ...үшік(к), ...втобус(а), ...роллейбус(т), ...лдаркөсе(А), ...алапан(б), ...айык(к), ...асқыр(к), ...ағдаршам(б), ...артоп(к), ...әбіз(с), ...ызанақ(к), ...ырыққабат(к), ...сқабақ(а), ...армақ(к), ...йыншық(о), ...квариум(а), ...ақта(т), ...уыршақ(к), ...елосипед(в), ...амокат(с) т.б. | «Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны<br>Педагог зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса – қол шапалақтайды | қққолшатыр(қ), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), қққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), тттау(т), кккерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), тттүйе(т), мммандарин(м), қққобыз(қ), сссандық(с), тттекемет(т), ееер(е), үүүзеңгі(ү), ааарба(а) т.б.<br>– Қай дыбыстар созып айтылмайды екен. Оларды қандай дыбыстар дейміз?<br>Дидактикалық жаттығу: «Буындардан сөз құра»<br>– Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құраылатындай екінші буынды айтуларың керек.<br>Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау,<br>мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б.<br>– Балалар, сендер балабақшаға келе | шапалааақ, жаааапырақ-жапалааақ, дооомбыра-домбырааа, қооообыз- қобыыыз, жааааалбыз- жалбыыыз, қааасық-қасыыық, жаааарғанат-жарғанааат, жыыылқы-жылқыыы, теееекше-текшеее, бааалапан- балапааан, бoooотақан-ботақааан, көөөөзілдірік -көзілдіріiік, жаааапырақ-жапырааақ , көөөрпе-көрпеее т.б.<br>Дидактикалық ойын: «Досыңды шақыр»<br>– Балалар, көздеріңді жұмып, мына жағдайды елестетіңдер. Орманда досыңнан адасып қалдың. Сендер бір-біріңді табу үшін, не істер едіңдер? (Досымыздың атын атап шақырамыз).<br>Мысалы: (Дастаааан! Серікбоооол! Айғаныыыым! Айшаааа! Ернаааар! Балжаааан! Ардаааақ! Санжаааар! Беріііік! Мереееей! т.б. )<br>– Балалар, сендер достарыңды шақырғанда, қай буынды созып айттыңдар? Дұрыс, ең соңғы буынды созып айттыңдар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | –Иә, балалар, содан бері Түлкінің құйрығы ұзын болыпты, ал Қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты. | | | жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші? | |
| **2 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Математика негіздері**<br>**Міндеті** Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту<br>Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету<br><br>Шағын топтармен жұмыс. «Суретті тап» дидактикалық ойыныКарточкалармен жұмыс ұсынады:<br>Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қарандар. Одан кейін, мысалы, оң жақтағы жоғарғы бұрышта орналасқан суретті көрсетуді (фишкамен жабуды) ұсынады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады. Мұқият тыңдап, заттардың орналасуын атайды. Карточкаларды қарайды. | **Математика негіздері**<br>**Міндеті** Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту<br>Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету<br><br>1-тапсырманы орындауды ұсынады.<br>Суретке қарайды. Сөреде тұрған ойыншықтардың орналасуын айтады.<br>– Маймыл қандай сөреде отыр? ( Оң жақтағы жоғарғы.)<br>– Оның жанында қандай заттар бар? (Бұл сөреде басқа заттар жоқ.)<br>– Кітаптардың үстіңгі жағында, астыңғы жағында нелер тұр?<br>Жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ сөздеріне сұрақ құрастыру. Педагог | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеті:** **-** Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу<br>**.**Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру<br><br>–Енді ертегідегі «Түлкі» сөзіне дыбыстық талдау жасайық.<br>–«Түлкі» сөзі неше буыннан тұрады?<br>–Неше дауысты дыбыс бар?<br>–Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз?<br>–Ал дауыссыз дыбысты, көк түспен белгілейміз. Т – дауыссыз дыбыс.<br>Ү – жіңішке дауысты дыбыс. Л – дауыссыз дыбыс.<br>К – дауыссыз дыбыс.<br>І – жіңішке дауысты дыбыс.<br><br>–Міне, балалар, біз «Түлкі» сөзіне дыбыстық талдау жасадық.<br>Дидактикалық ойын: «Буынды жалғастыр». | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті** Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесу<br>түстерді қазақша айтуға үйрету.<br>Қима материалмен жұмыс.<br>– Мынау – жапырақтар. Мынау жапырақтың түсі қандай?<br>– Жапырақтың түсі сары.<br>– Мынау жапырақтың түсі қандай?<br>– Жапырақтың түсі жасыл.<br>– Алманың түсі қандай?<br>– Алманың түсі қызыл.<br>– Мынау қарындаштың түсі қандай?<br>– Көк түсті.<br>– Топта қандай заттардың түсі көк? (Балалар атайдыМынау – қара түс, қара.<br>– Қандай түс?<br>– Қара түс.<br>– Мынау – күлгін түс, күлгін.<br>– Қандай түс?<br>– Күлгін түс.<br>– Мынау – көгілдір түс, кө-гіл-дір. | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті**. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу театрландырылған өнердің тәсілдері мен жанрларын меңгерту<br><br>Дидактикалық ойын: «Бұл қай ертегі?»<br>Ойын шарты: Таныс ертегінің кейіпкерлерін тану, қимыл-қозғалысын айту. Сиқырлы қоржынға ертегі кейіпкерлеріне ұқсас ойыншықтар салынады. Педагогтің ұсынысымен бір бала шығып, қоржын ішінен бір ойыншықты алады, оны сипаттайды.<br>– Бұл қандай жануар?<br>– Қандай ертегіде кездеседі?<br>Қазір, балалар, сендер үш топқа – бәйтерек, көгершіндер, қарлығаштар тобына бөлінесіңдер.<br>– Тақтадан не көріп тұрсыңдар? (Ұяшықтар, слайдтан көрсетеді)<br>– Әр ұяшықта сандар бар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагогтің нұсқауы бойынша іс-қимыл жасайды**Талқылап, сұрақтарға жауап береді** | балалардан досының сұрақтарына жауап беруін сұрайды**.** | Ойын шарты: педагог аң аттарының бірінші буынын ғана айтады, балалар соңғы буынын тауып, толық атын айтады. Мысалы, Түл – ..., қо– , қас – ..., кө – ..., мыр – ..., жол – | – Қандай түс?<br>– Көгілдір түс.<br>– Мынау – қызғылт түс, қызғылт.<br>– Қандай түс?<br>Қызғылт түс<br>Балалар сөздерді және сөйлемдерді қайталайды. | – Ұяшық санын айтса, ұяшық ашылады.<br>– Ұяшықтан ертегінің суреті шығады. Сендер қай ертегі екенін тауып, сол тапқан ертегіні рөлге бөліп, сахналап көрсетесіңдер. Ол үшін қуыршақтарды, саусағымызды, ойыншықтар мен музыкалық тәсілдерді қолданамыз.<br>Әр топ өзі таңдаған ертегіні көрсетеді |
| **3 - ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | | |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті: -** Құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау**.** Құстар туралы, олардың тіршілігі мен пайдасы туралы түсінік беру.Үш тілді меңгеруге, бүтін және бөліктерді салыстырып, есептер құрастыруға, мүсіндей білуге үйрету.<br>Құстар біздің досымыз.Біз оларға қамқор болуымыз керек. Құстар бізге не береді?<br>Олай болса, сол жұмырқа арқылы біз бүгін кішкентай ғана әтештің бейнесін жасап үйренеміз. Табиғи материалдар мен қажетсіз нәрселерді | **Қазақ тілі**<br>**Міндеті -**<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау<br>жаңа сөздермен таныстыру арқылы сөздік қорларын толықтыру<br>Балалар мектепке келді.<br>– Балалар қайда келді?<br>– Балалар мектепке келді.<br>– Мынау – мектеп. Мек-теп. Мынау не?<br>– Мынау – мектеп.<br>– Мектепте оқиды, білім алады. Мектепте не істейді?<br>– Мектепте оқиды, білім алады.<br>– Мынау – оқушы. Мынау кім?<br>– Мынау – оқушы. | **Көркем әдебиет**<br>**Міндеті:** Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру театрландырылған өнердің тәсілдері мен жанрларын меңгерту<br><br>Педагог балаларға ертегі туралы өлең оқиды.<br>Кел, көрейік ертегі,<br>Естіген жанды елітеді.<br>Талай ғажап оқиға<br>Қызық сырын шертеді.<br>– Балалар, біз қандай ертегілерді білеміз?<br>– Ертегіде кейіпкерлердің мінез-құлқын салыстырады, сипаттайды. Ертегіні ойдан, қиялдан шығарады. Ертегі біздің қиялымызға қанат | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Міндеті:**Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру<br>Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру.<br>2. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен таныстыру.<br>3. Балаларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу<br>Жұмбақтарды шешу:<br>Жұмбақтар<br>1. Ала таяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>(Полиция қызметкері)<br>2. Көше бойлап | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеті: -** Айналып тұрған арқаннан өтуге жаттықтыру, жерден екі аяқпен бірдей итеріліп, арқанның дәл аяғының астынан өту сәтінде секіруді дамыта түсу<br>Табан мен алақанға тіреніп, екі тіземен допты қысып жорғалау; допты екі қолмен кезек домалату және екі аяқтың басымен қысып алып жүру<br>Ойын жаттығулары:<br>«Допты жұпта ұстап қал», «Ғажайып фигура» – ұсақ моториканы дамыту жаттығулары. Өз жұбын көзді жұмып тауып алады. Допты екеулеп кішкентай бармақтарымен ғана ұстап тұруы керек. Сосын тек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолданамыз. Балаларға тәрбиеші әтештің жасалу жолдарын үйретіп, жасатады.<br>Дидактикалық ойын: «Балапандар»<br>Мақсаты: Ұқыптылыққа, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу.<br>Ойынның шарты: Қай құстың балапандары екенін табуып, сол қорапшаға салу керек | – Мынау – оқушылар.<br>Мынау кімдер?<br>– Мынау – оқушылар.<br>– Мынау – мұғалім.<br>Мынау кім?<br>– Мұғалім.<br>Мынау – сынып. Сы-нып.<br>– Мынау не?<br>– Мынау – сынып.<br>Мектепте сынып бар.<br>– Мектепте не бар?<br>– Мектепте сынып бар.<br>Сөздерді, сөйлемдерді жеке-жеке, хормен қайталап, дұрыс айтып жаттығады.<br>Мектепте сыныптар бар.<br>Мектепте нелер бар?<br>Мектепте сыныптар бар.<br>Сыныпта орындықтар бар.<br>Сыныпта нелер бар?<br>(Үстел, тақта, терезе сөздерін жекеше, көпше айтады | бітіретін қызықты әлем. Ертегі<br>сендерді жамандықтан аулақ болуға, жақсылық жасауға, адамгершілікке жетелейді. Ертегі кейіпкерлерінің өзіне тән мінез-құлқы болады (ашулы, қатал, мейірімді, адал,<br>қайырымды). Ертегілер еліндегі кейіпкерлерді есімізге түсірейік.<br>– Сен қандай кейіпкерлерді ашулы деп елестетесің? (Қасқыр, арыстан)<br>– Мейірімді, адал кейіпкерлерді ата. (Қоян, әтеш, шаруа) | аяңдайды,<br>Адам тасып, аялайды. (Автобус)<br>3. Көліктің қаншасын үстінен өткізген,<br>Іргеден басталып, алысқа жеткізген. (Жол)<br>4. Жоқ өзінде бас та, ауыз да, құлақ та,<br>Бақырайған үш козі бар бірақ та. (Бағдаршам)<br>5. Арқаным бар тым ұзын,<br>Ала - алмайсың бір үзім.<br>Табындаршы, балалар,<br>Бұл жұмбақтың шешуін. (Жол)<br>6. Өзі сөйлей білмейді,<br>Бірақ «Тоқта, жүр!» дейді. (Бағдаршам)<br>Тәрбиеші: Бағдаршам өмірімізді жазымнан сақтандыратын көмекшіміз. Оның сырын біліп алу баршамызға керек.<br>- Біздің қаламызда, сол сияқты біздің еліміздің қала, ауылдарына бәріне ортақ көше қатынас ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, яғни барлық жүргізушілер, көлік жүргізетін жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек.<br>- Балалар, сендер көшеде жүру ережесін білесің дер ме екен, көрейік. | сұқ саусақтарымен, тек оң қолдарымен, тек сол қолдарымен, тек аяқтарымен, басқа да дене мүшелерімен ұстап тұрады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Мынадай сұрақтарға жауап беріңдерші.<br>- Жиек жол деген не? (Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол)<br>- Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды? (Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді).<br>(Тақтада)<br>Қызыл – тоқта!<br>Сары - сақтан!<br>Жасыл - жол ашық!<br>1 -: Қызыл көзін ашқанда,<br>Сынық сүйем баспа алға!<br>2 -: сары көзін ашқанда,<br>Қарап қалма аспанға!<br>3 -: Жасыл көзін ашқанда,<br>Өте бергін, жасқанба!<br>(Балалар бағдаршам сигналдарын қолдарына ұстап, кезегі келгенде көрсетіп тұрады<br>. | |

| 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
